

**"Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 11 қарашадағы № 689 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 15.02.2018 № 636 Жарлығымен.**

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 10, 115-құжат; 2012 ж., № 68, 976-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында:

"Қазақстанның 2020 жылға дейінгі дамуының түйінді бағыттары" деген III бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

**"III. Қазақстанның 2020 жылға дейінгі дамуының түйінді бағыттары  
Қазақстан 2020 жылы**

Қазақстан 2020 жылы әлемдік дағдарыстан біршама қуатты және бәсекеге қабілетті, экономикасы әртараптандырылған және халқы белсенді түрде жаңа экономикаға тартыла отырып шыныққан елге айналады.

2020 жылға қарай Қазақстан ел экономикасының шикізат емес секторларына қомақты шетелдік инвестициялар тартуға мүмкіндік беретін қолайлы іскерлік ахуал қалыптасқан әлемнің бәсекеге барынша қабілетті елу елінің қатарында болады. Экономика келесі экономикалық дағдарыстарға жақсы дайындықта болады. Қазақстан шектес елдермен және басқа да мемлекеттермен өзінің саяси және экономикалық байланыстарын нығайтады.

2020 жылға қарай ел әртараптандырылған экономиканы дамыту үшін қажетті адами ресурстарға, сондай-ақ отандық кәсіпкерлер мен экспорттаушыларға қызмет көрсету үшін қажетті инфрақұрылымға ие болады. Көлік инфрақұрылымы мен телекоммуникацияны қарқынды дамыту есебінен өзге әлеммен үзіліссіз байланыс қамтамасыз етіледі. Қазақстанның өңдеуші өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы мен қызметтер көрсету саласы экономика

құрылымында тау-кен өнеркәсібімен қатар лайықты орын алады. Әлеуметтік салада және қоршаған ортаны қорғау саласында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізіледі.

2020 жылға қарай Қазақстан экономикасы нақты мәнде 2009 жылдың деңгейінің үштен бірінен жоғары өседі<sup>1</sup>. Экономиканы әртараптандыру жөніндегі жоспарларды табысты іске асыру есебінен экономиканың қайта өңдеу салаларының өсу көрсеткіштері 2020 жылға қарай өндіруші салалардың өсу көрсеткіштерінен жоғары немесе оларға тең болады.

Ойластырылған макроэкономикалық саясат жүргізу нәтижесінде 2020 жылға қарай алтын-валюта резервтерінің деңгейі (Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін қоспағанда) үш айлық импорттан немесе (қандай көрсеткіштің жоғары болатынына қарай) ел экономикасының мемлекеттік және корпоративтік секторларының қысқа мерзімді (1 жылға дейінгі) сыртқы борышының көлемінен төмен болмайды. Ұлттық қордың активтері ІЖӨ-нің кемінде 30%-ын құрайды. Осы кезеңде инфляция жылына орта есеппен 5-8% деңгейінде сақталып тұрады. Айырбас бағамы саясаты қазақстандық экономиканың ішкі және сыртқы бәсекеге қабілеттілігінің теңгерімін қамтамасыз етеді.

2020 жылға қарай табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 8%-ға төмендейді. Халықтың әлеуметтік осал топтары, мүмкіндігі шектеулі адамдар, әйелдер, балалар мен жастар өздерінің барынша қорғалғанын сезінеді және өздерінің қоғамдағы мүмкіндіктерін кеңейте алады.

Қабылданып жатқан шаралардың нәтижесінде 2020 жылға қарай отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында әйелдерге қатысты жасалған қылмыстардың үлес салмағы 9,7%-ға дейін және кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстардың үлес салмағы 2,2%-ға дейін азаяды.

Балабақшадан университетке дейін сапалы білім беру бүкіл ел бойынша қолжетімді болады, халық денсаулығының жай-күйі айтарлықтай жақсарайды. Денсаулық сақтау қызметтері әлемнің үздік стандарттарына сай болады. Қазақстандықтар барынша саламатты өмір салтын ұстанып, темекі шегетіндер мен алкогольді асыра пайдаланатындар саны азаяды. Қоғамның тыныс-тіршілігінің барлық салаларында мемлекеттік тілді қолдану дәйекті және кезең-кезеңімен кеңейеді. Әртүрлі этностық топтар мен діни конфессия өкілдері ішкі тұрақтылық, қауіпсіздік, бейбітшілік пен келісім жағдайында өмір сүретін болады.

---

\_\_\_\_\_

<sup>1</sup>Бұдан әрі Стратегиялық жоспар-2020 мәтіні бойынша өзгеше көрсетілмесе, 2009 жылғы деңгейге қарағанда нысаналы индикаторлар (көрсеткіштер) мәнінің өзгерісі көрсетіледі.

## **Қазақстанның өркендеуінің, гүлденуі мен қауіпсіздігінің орнықты тұғыры : түйінді бес бағыт**

Таяу онжылдықта түйінді бес бағыт мемлекет қызметіндегі басымдықтар болады:

- 1) дағдарыстан кейінгі дамуға дайындық;
- 2) индустрияландыру мен инфрақұрылымды дамыту арқылы әртараптандыруды жеделдету есебінен экономиканың орнықты өсуін қамтамасыз ету;
- 3) болашаққа инвестициялар – орнықты экономикалық өсуге, қазақстандықтардың өркендеуі мен әлеуметтік әл-ауқатына қол жеткізу үшін адами капиталдың бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- 4) халықты сапалы әлеуметтік және тұрғын үй-коммуналдық көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету;
- 5) ұлтаралық келісімді, қауіпсіздікті, халықаралық қатынастардың орнықтылығын қамтамасыз ету.

Экономиканы қалпына келтіруге дайындық процесінде Қазақстан оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік беретін реформаларды жеделдетіп іске асыруға тиіс. Бірінші түйінді бағыт – дағдарыстан кейінгі дамуға дайындық – нәтижесін онжылдық кезеңнің басында байқауға болатын шараларды қамтиды. Бұл – біршама қолайлы бизнес орта құру, қаржы секторын нығайту және құқықтық жүйені жетілдіру.

Екінші түйінді бағыт шеңберіндегі іс-қимылдар елді үдемелі индустрияландыру бағдарламасын іске асыру және инфрақұрылымды дамыту нәтижесінде Қазақстан экономикасын әртараптандыруды жеделдетуге ықпал ететін болады. Бұл экономикалық модельді өзгертуге және экстенсивті, шикізаттық даму жолынан индустриялық-инновациялық дамуға көшуге мүмкіндік береді. Елді инфрақұрылымдық дамыту жоспарлары экономиканы үдемелі әртараптандыруға және елге шетел инвестицияларын тартуға ықпал ететін энергетика, көлік және телекоммуникация салаларын жаңғыртуға шоғырланады.

Адами ресурстардың саны мен сапасы кез келген елдің болашағын айқындайтын негіз құрушы факторлар болып табылады. Адами капитал – бұл инновациялардың және экономиканың тиімділігін арттырудың негізгі қозғаушы күші. Үшінші бағыт – болашаққа инвестициялар – Қазақстанның адами

ресурстарының сапасын ұзақ мерзімді кезеңде арттыру үшін қажетті шараларды қамтитын болады.

Төртінші түйінді бағыт – азаматтар үшін қызметтер көрсету шеңберінде – халықты әлеуметтік қорғау және тұрғын үй-коммуналдық қызметтерді тиімді көрсету жөніндегі шаралар күшейтілетін болады.

Бесінші түйінді бағыт – ұлтаралық келісім, қауіпсіздік, халықаралық қатынастардың тұрақтылығы шеңберінде – ішкі тұрақтылықты, қауіпсіздікті, бейбітшілік пен келісімді нығайту, бейбітсүйгіш сыртқы саясатты дамыту жөніндегі шаралар көзделетін болады.

Қазақстанның 2020 жылға дейінгі дамуының түйінді бес бағытының негізі ұтымды макроэкономикалық саясат болып табылады. Экономиканы қалпына келтіру және әртараптандыру, оның "қызып кетуін" болдырмау үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында экономиканың өсуі кезеңінде мемлекеттің шығыстарын азайтуды және оларды экономикалық бәсеңдеу кезеңінде ұлғайтуды көздейтін антициклді фискалдық саясат жүргізілетін болады. Бұл ретте келесі онжылдық кезеңнің соңына қарай бюджеттің мұнай емес тапшылығы ІЖӨ-ге қатысты 3%-дан аспайды. Ақша-кредит саясаты инфляцияны тежеу жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыруға бағытталатын болады. Валюталық айырбас бағамының саясаты қазақстандық экономиканың ішкі және сыртқы бәсекеге қабілеттілігі арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуге бағытталады.

### **Түйінді бағыт: дағдарыстан кейінгі дамуға дайындық**

Жаһандық қайта өрлеу кезеңінде Қазақстандағы іскерлік ахуал елдің бәсекеге қабілеттілігінің орнықты негізін қамтамасыз етеді. Ол экономиканы жеделдетіп әртараптандыру және отандық бизнесті дамыту үшін ауқымды инвестицияларды тартуға ықпал ететін шешуші фактор болып табылады. Орнықты қаржы жүйесі және сенімді құқықтық орта да кәсіпкерлікті дамытуда сындарлы рөл атқарады.

### **Бизнес ортаны жақсарту**

Стратегиялық жоспар – 2020-ны іске асырудың алғашқы жылдары мемлекет отандық кәсіпкерлер, сол сияқты халықаралық инвесторлар үшін де бизнес жүргізудің құнын азайтуға бағытталған белсенді шараларға бастама жасайды. Әкімшілік рәсімдердің оңтайлы шеңберін белгілеп және оларды жүзеге асырудың ашықтығын арттыра отырып, мемлекет төрешілдік пен сыбайлас жемқорлықтың Қазақстандағы іскерлік ахуалдың маңызды аспектілеріне ықпал етуін төмендетуге ұмтылатын болады.

## Бизнес ортаны жақсарту жөніндегі стратегиялық мақсаттар

2020 жылға қарай	<p>экономиканың шикізаттық емес секторларына салынатын отандық және шетелдік инвестициялар (өңдеуші өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, қызметтер көрсету) кемінде 30%-ға ұлғаяды;</p> <p>ІЖӨ-ге тікелей шетелдік инвестициялардың (ТШИ) үлесі он пайыздық тармаққа ұлғаяды;</p> <p>ІЖӨ-дегі шағын және орта бизнестің (ШОБ) үлесі 7-10 пайыздық тармаққа ұлғаяды;</p> <p>инвестиция көздері әртарапандырылады (әр елдің үлесі 5% және одан көп болатын негізгі 10 инвестор ел);</p> <p>Қазақстан Дүниежүзілік банктің "Бизнес жүргізудің жеңілдігі" ("Doing Business") рейтингі бойынша ең үздік көрсеткіштермен 50 елдің қатарына енеді;</p> <p>Қазақстан "Transparency International" рейтингінде сыбайлас жемқорлықты түйсіну индексі бойынша елдердің үштен бірінің ішінде алдыңғы қатардағы орынды иеленеді</p>
2015 жылға қарай	<p>Қазақстанның Дүниежүзілік банктің "Бизнес жүргізудің жеңілдігі" ("Doing Business") рейтингі бойынша көрсеткіштері 2011 жылмен салыстырғанда 7 позицияға жақсарады;</p> <p>уақыт пен шығындарды қоса алғанда, бизнесті тіркеуге және жүргізуге байланысты операциялық шығындар (рұқсат, лицензиялар, сертификаттар алу; аккредиттеу; консультация алу) 2011 жылмен салыстырғанда 30%-ға төмендейді;</p> <p>Еуропа Қайта құру және Даму банкі мен Дүниежүзілік Банктің Іскерлік ахуалға және кәсіпорындар жұмысының тиімділігіне шолуындағы (BEEPS) бизнес ортаның даму көрсеткіштері жақсарады</p>
2011 жылға қарай	<p>жаңа нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу мен қабылдау үшін реттеушілік әсер етуді талдау әдістемесі (APB) әзірленеді;</p> <p>Қазақстанның Дүниежүзілік банктің "Бизнес жүргізудегі жеңілдік" ("Doing Business") рейтингі бойынша көрсеткіштері 2008 жылмен салыстырғанда 7 позицияға жақсарады;</p> <p>уақыт пен шығындарды қоса алғанда, бизнесті тіркеуге және жүргізуге байланысты операциялық шығындар (рұқсат, лицензиялар, сертификаттар алу; аккредиттеу; консультация алу) 30%-ға төмендейді</p>

### Қаржы секторын нығайту

Қазақстанның қаржы жүйесінің одан әрі дамуы ағымдағы жаһандық дағдарыстың негізгі қорытындыларын ескеретін болды:

1) кез келген қарыз алу коммерциялық, қаржылық және валюталық тәуекелдерді бақылауға мүмкіндік беретін қатаң пруденциалды стандарттарға және ашықтық талаптарына негізделуі тиіс;

2) халықаралық капитал нарықтарына қолжетімділік банк секторының және мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың сыртқы борышының деңгейін жауапты басқаруды талап етеді;

3) ел ішіндегі жинақтар деңгейінің жоғарылауы орнықты, ашық және тиімді реттелуге тиіс қаржы жүйесіне деген сенімнің нығаюына байланысты.

Экономиканы қалпына келтіру кезеңінде қаржы секторын мемлекеттік қолдау сақталады, алайда бірте-бірте жеке бастамаға орын бере отырып, тікелей мемлекеттік қатысу азаятын болады.

Отандық қаржы жүйесіндегі одан әрі реттеу барынша толық және қаржы секторының макроэкономикалық байланыстарын жан-жақты ескеретін болады.

Белсенді экономикалық өрлеу кезеңінде пруденциалдық нормативтер бәсеңдеу жағдайында жинақталған әлеуетті пайдалану үшін қатаңдатылатын болады.

Жалпы алғанда, қаржы секторының дамуы елдің үдемелі индустриялық-инновациялық дамуы үшін қаржы ресурстарын тартуға бағдарланады.

Қор жасаудың ішкі көздері халықтың және отандық кәсіпорындардың бос ресурстары есебінен көбейтілетін болады. Инвестициялық жобаларды қаржыландыру көздері ретінде ресурстарды тарту үшін қажетті жағдайлар жасау арқылы нығайтылатын мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерінің рөлі мен маңызы артады.

Елдің қаржы секторына деген сенімін орнықтыру және оларға көрсетілетін қызметтер аясын кеңейту жөнінде белсенді жұмыс жүргізілетін болады. Қаржы қызметтерін тұтынушылар мен инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау тетіктерін кеңейтуге, қаржы ұйымдарында ішкі бақылаудың тиімді жүйесі мен тәуекел-менеджментті енгізуге, сондай-ақ олардың қызметінің ашықтығын арттыруға айрықша көңіл бөлінеді.

Ішкі ресурстардың өсу шамасына қарай жобалық инвестициялау құралдарын қоса алғанда, қаржы құралдарының кең ауқымы бар қор нарығы одан әрі дамиды. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік және исламдық қаржыландыру қор нарығын дамытуда маңызды рөл атқаратын болады. Бұған құнды қағаздар айналысының барабар көлемін қамтамасыз ететін мемлекеттік құнды қағаздар нарығының одан әрі дамуы да септігін тигізеді.

Қазақстанның толыққанды қор нарығын қалыптастыру және оның халықаралық капитал нарығымен ықпалдасуы шеңберінде Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы одан әрі дамитын болады. Стратегиялық перспективада мемлекет халықаралық стандарттарға сәйкес келетін Алматы қаласының бәсекеге қабілетті қаржы орталығын дамыту және оның Азиядағы жетекші 10 қаржы орталығының тобына кіруі үшін қажетті жағдай жасайды.

Жалпы алғанда, елдің қаржы секторын дамыту Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың дағдарыстан кейінгі кезеңге арналған тұжырымдамасына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

## **Қаржы секторын дамыту жөніндегі стратегиялық мақсаттар**

2020 жылға қарай	қаржы ұйымдарының институционалдық базасы кеңейтіледі және олардың инвестициялық мүмкіндіктері ұлғайтылды; банк секторының сыртқы міндеттемелерінің үлесі оның міндеттемелерінің жиынтық көлемінде 30%-дан аспайды; қаржы нарығы қызметтердің кең спектрін ұсынады және инвесторлар мен қаржы қызметтерін тұтынушылардың арасында сенімге ие;
------------------	---

	отандық қор нарығы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мен Орталық Азия елдерінің ішінде ислам банкингінің өңірлік орталығына айналады
2015 жылға қарай	халықтың жинақтарын тартудың баламалы көздерін дамыту үшін жағдай жасалды; халықтың қаржылық сауаттылығын және инвестициялық мәдениетін көтеру жөніндегі іс-шаралар сәтті іске асырылды; мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерінің рөлі мен маңызын арттыру жөніндегі шаралар кешенін іске асыру қамтамасыз етілді

## Сенімді құқықтық орта қалыптастыру

Сенімді құқықтық ортаға заңның үстемдік принципін мүлтіксіз сақтау арқылы қол жеткізіледі және ол азаматтар мен кәсіпкерлік субъектілерінің өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің сөзсіз қорғалуына деген сенімділігін, бизнесті жүзеге асыру кезінде жеке қауіпсіздікті сезінуін, транзакциялық шығындардың төмен болуын қамтамасыз етеді, ішкі және сыртқы инвестицияларды ынталандырады.

Ұлттық құқықтық жүйені жаңғырту және оны үздік халықаралық практикаға сәйкес келтіру, сондай-ақ адам, ана мен бала, кәсіпкерлік пен мемлекет құқықтарының сенімді қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында мынадай салалардағы реформаларға назар аударылады:

1) сот жүйесінің ашықтығын және тәуелсіздігін, сот корпусының бейтараптығы мен кәсіпқойлығын арттыру;

2) заңнаманы жетілдіру және норма түзушілік сапасын арттыру;

3) халықтың құқықтық мәдениетінің деңгейін, оның ішінде сот және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіптік мәдениетін арттыру және азаматтардың білікті заң көмегіне нақты қол жеткізуін қамтамасыз ету.

Отандық құқықтық жүйені жаңғыртудың тұжырымды ұстанымдары және оның 2020 жылға дейінгі дамуының негізгі бағыттары Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында айқындалған.

## Сот жүйесі

Сот жүйесін одан әрі реформалау соттардың шынайы тәуелсіздігі, сот төрелігін атқаруды тиімді қоғамдық бақылау, судьялардың кәсіпқойлығы мен бейтараптығы, сот ісін жүргізуді оңайлату және тым артық регламенттеуді алып тастау принциптерімен жүргізіледі, оның нәтижесінде қоғамның сот жүйесіне деген сенімінің жоғары дәрежесіне қол жеткізіліп, соттардың жұмыс істеу тиімділігі артады. Сот төрелігін жүзеге асыру кезінде сот иерархиясының барлық деңгейлерінде және сатыларында судьялар тәуелсіздігінің ұйымдық-құқықтық кепілдіктері қамтамасыз етілетін болады.

## Сот жүйесін реформалау жөніндегі стратегиялық мақсаттар

2020 жылға қарай	Қазақстан Республикасының "Соттардың тәуелсіздігі" көрсеткіші бойынша Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі рейтингіндегі орны 20 позицияға жақсарады; сот жүйесінің тәуелсіздік және бейтараптық деңгейі Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының міндеттемелеріне (адами өлшем саласында) сәйкес деп танылды
2015 жылға қарай	тергеу іс-әрекетін соттың бақылауы кеңейтілді; сотқа жүгінуші субъектілер істерінің қолжетімділігіне, қарапайымдылығына және жылдам шешілуіне кепілдік беретін сот жүйесі құрылды; судьялыққа үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптары және судьялыққа үміткерлерді іріктеу рәсімдерінің транспаренттілігі (ашықтығы) артты; үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерін тарта отырып, сот процесіне қатысушылар мен кәсіпқой заңгерлер арасында жүргізілетін, алынған нәтижелердің жариялылығын және соттар мен судьялардың рейтингтерін жасауды көздейтін мерзімді әлеуметтанушылық зерттеулермен барлық соттарды барабар қамту қамтамасыз етілді
2014 жылға қарай	сот шешімдерін орындаудың аралас моделін жетілдіру
2013 жылға қарай	сотта қараудың толықтай жариялылығы мен ашықтығы, оның ішінде соттардың қорытынды іс жүргізу шешімдерінің қарар бөлігін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жария дерекқорына орналастыру жолымен қамтамасыз етілді
2011 жылға қарай	соттардың мамандануы олардың өкілеттіктері нақты ажыратыла отырып кеңейтілді, оңайлатылған іс жүргізу институттары дамытылуда; жекеше сот орындаушылары институтын енгізе отырып, сот шешімдерін орындаудың аралас моделі енгізілді

### Заңнаманы және норма түзушілікті жетілдіру

Мыналар заңнаманы және норма түзушілікті жетілдірудің негізгі бағыттары болады:

1) Қазақстанның заңнамалық базасының тұрақтылығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету, оның сапасын арттыру әрі кодификациялау арқылы жүйелендіру, ескірген және қайталанатын нормаларды алып тастау, құқықтық реттеудегі олқылықтарды жою және сілтеме нормаларды барынша азайту, тікелей қолданылатын заңдарды қабылдау практикасын кеңейту арқылы жүйелеу;

2) нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге тәуелсіз сарапшыларды, үкіметтік емес сектордың өкілдерін неғұрлым кеңірек тарту, осы салада озық білімдерді қолдана отырып, ғылыми сараптамаларды жүргізу негізінде норма түзушілік процесіндегі кәсібилікті күшейту.

### Заңнаманы және норма шығаруды жетілдіру жөніндегі стратегиялық мақсаттар

--	--

2020 жылға қарай	нормативтік құқықтық актілер жобаларының сапасын бағалаудың халықаралық стандарттарына және оларды қоғамның, кәсіпкерлік пен биліктің мүдделерін теңдестіріп ескеруге мүмкіндік беретін жария түрде талқылау рәсімдеріне негізделген заң шығарудың тиімді тетіктері енгізілді
2015 жылға қарай	нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге тәуелсіз сарапшыларды, үкіметтік емес сектордың өкілдерін неғұрлым кеңірек тарту, осы салада озық білімдерді қолдана отырып, ғылыми сараптамаларды жүргізу негізінде норма түзушілік қызметінің сапасын арттыру жөніндегі тетіктер енгізілді; заң жобаларын дайындау сапасының критерийлері әзірленді; заңды тұлғалардың банкроттық тетіктері жетілдірілді
2014 жылға қарай	"электрондық үкімет" инфрақұрылымы шеңберінде және мемлекеттік құпиялар туралы заңнама талаптарының сақталуын ескеріп, нормативтік құқықтық актілердің жүйелендірілген әрі түпкілікті деректер базасына жалпыға бірдей тегін қол жеткізу қамтамасыз етілді; қылмыстық заңнаманы, оның ішінде ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмысты алғаш рет жасаған адамдарға және әлеуметтік осал азаматтарға қатысты, сондай-ақ кішігірім немесе орташа ауырлықтағы жекелеген қылмыстарды теріс қылықтар разрядына ауыстыру арқылы қылмыстық заңнаманы кешенді ізгілендіру жүргізілді
2011 жылға қарай	ескірген және қайталайтын нормаларды алып тастауға, сондай-ақ құқықтық реттеудегі олқылықтарды жоюға мүмкіндік беретін заңнамалық актілердің құқықтық мониторингі енгізілді; Қазақстанда мүдделік қолдау институтының жұмыс істеуі үшін құқықтық негіз жасалды, корпоративтік мүдделерді ілгерілетудің сыбайлас жемқорлық схемасын жоятын тетіктер регламенттелді; контракция тәуекелдерін тәуелсіз бағалау институттарын (рейтингтік агенттіктерді, кредиттік бюроларды) және корпоративтік дауларды оңайлатылған шешу институттарын (аралық соттарды, коллекторлық агенттіктерді) одан әрі дамыту тұжырымдамасы әзірленді

## **Құқықтық мәдениет және азаматтардың білікті заң көмегіне қолжетімділігі**

Құқықтық мәдениеттің жоғары болуы азаматтардың құқықтық бағдарлануын қамтамасыз етеді және кез келген заң бұзушылықтарға, оның ішінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына төзбеуін қалыптастырады. Ол, ең алдымен, халықтың құқықтық санасының даму деңгейіне байланысты.

Азаматтардың құқықтық санасының деңгейін арттыру үшін мемлекеттің негізгі күш-жігері құқықтық насихатты (қоғамдық заңдық білім беруді жандандыру) кеңейтуге және азаматтық қоғамның тиімді институттарын дамытуға бағытталады.

Қазақстандық қоғамның жоғары құқықтық мәдениетін қалыптастыру шеңберінде адвокаттардың, сот және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіптік мәдениетінің деңгейін арттыруға, олардың сапалы кәсіптік даярлығына ерекше көңіл бөлінеді.

Бұл ретте таяудағы онжылдықта мемлекет халықтың білікті заң көмегіне қол жеткізуін кеңейту үшін барлық қажетті жағдайларды жасайды.

## **Халықтың құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыру және азаматтардың білікті заң көмегіне нақты қол жеткізуін қамтамасыз ету жөніндегі стратегиялық мақсаттар**

2020 жылға қарай	Қазақстанның әрбір азаматы үшін мүлдітік жағдайына қарамастан, білікті заң көмегін ұсыну тетіктерін жетілдіру есебінен білікті заң көмегіне нақты қолжетімділігі қамтамасыз етілді; кәсіпқой заңгерлер мен адвокаттардың біліктілігі жоғары қызметтер нарығы құрылды
2015 жылға қарай	Қазақстан Республикасы азаматтарының білікті заң көмегін алуының тетіктерін жетілдіру жөнінде кешенді жоспар әзірленді; халықтың құқықтық мәдениетін арттыру шеңберінде азаматтық қоғам институттарының орнықты дамуы үшін қажетті құқықтық база қалыптасты
2012 жылға қарай	Қазақстан азаматтарының құқықтық мәдениетін, оның ішінде құқықтық насихатты кеңейту және заң білімінің сапасын арттыру арқылы көтеру жөніндегі кешенді жоспар әзірленді

### **Түйінді бағыт: экономиканы әртараптандыруды жеделдету**

Стратегиялық жоспар – 2020-ны іске асыру кезеңінде үдемелі индустрияландыру жолымен экономиканы әртараптандыру жеделдетіледі.

Экономикадағы еңбек өнімділігін кешенді арттыруға бағытталған елді индустрияландыру мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылатын болады:

1) шикізат өндірістерін кейіннен неғұрлым жоғары бөліністерге өткізе отырып, дәстүрлі салаларды: мұнай-газ секторын, тау-кен металлургиясы кешенін, атом және химия өнеркәсібін дамыту;

2) жер қойнауын пайдаланушылардың, ұлттық компаниялар мен мемлекеттің сұранысына негізделген секторларды: машина жасауды, құрылыс индустриясын, қорғаныс өнеркәсібін, фармацевтиканы дамыту;

3) шикізат секторына байланысты емес және негізінен экспортқа бағдарланған өндірістерді: агроөнеркәсіптік кешенді, жеңіл өнеркәсіпті, туризмді дамыту;

4) әлемдік экономикада алдағы 15-20 жылда басым рөл атқаратын " болашақтың экономикасы" бағыттарын: ақпараттық, коммуникациялық және ғарыш технологияларын, биотехнологияларды, баламалы энергетиканы дамыту.

Қазақстанды индустрияландыру қолайлы экономикалық ортаны қалыптастырумен және табысты индустрияландырудың айқын қағидаттарын сақтаумен, оның ішінде ғарыш қызметтерінің әлемдік нарығындағы Қазақстанның үлесін арттырумен бірге жүреді.

### **Қолайлы экономикалық орта қалыптастыру**

Қолайлы экономикалық ортаға ұтымды макроэкономикалық саясатпен, тиімсіз жобаларға қарсы іс-қимыл жүйесін құрумен, ұлттық инновациялық жүйені қалыптастырумен, оның ішінде ғылыми-зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жобалар (бұдан әрі – ҒЗТКЖ) жүйесін жетілдірумен қолдау жасалады.

## **Экономиканы әртараптандыруды қолдау үшін макроэкономикалық басқару**

Қазақстан шикізат ресурстарын ірі экспорттаушы ретінде шикізатты экспорттаудан түсетін қаржыны пайдалану мен экономиканың барлық салаларында өсуге ықпал ететін макроэкономикалық жағдайды жасау арасындағы теңгерімді қамтамасыз етеді.

Табиғи ресурстардан түскен пайданы тез жұмсау валютаның айырбас бағамын жоғарылатады және "экономиканың саудаласпайтын салаларын" (қаржы секторы, жылжымайтын мүлікпен операциялар және қызмет көрсету саласы) дамытуға жетелейді. Қазақстанда валюталық бағамды бақылауды жоғалту салдарынан кезінде жанданған агроөнеркәсіптік кешенінің және өңдеуші өнеркәсібін іс жүзінде жоғалуына тап болған табиғи ресурстарға бай басқа елдердің тәжірибесі ескеріледі.

Осыны ескере отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жұмыс істеу тұжырымдамасы жетілдіріліп, оның сақтандырушы функциясы күшейтіледі.

## **Тиімсіз жобаларға қарсы іс-қимыл**

Экономиканы әртараптандыруды жеделдету процесінде мемлекет тиімсіз жобалардың іске асырылуына қарсы тұрады. Мемлекеттік қаражатты жұмсау процесінің ашықтығы мен айқындығы артады. Мемлекеттік қаржыландыруды алатын барлық жобалар үшін қаржылық және экономикалық рентабельділік стандарттары енгізіледі. Мемлекет қаржыландыратын инвестициялық жобаларды бағалау шетелдік оң тәжірибені ескере отырып күшейтіледі.

## **Ұлттық инновациялық жүйені құру**

Шетелдік тәжірибені талдау әлемнің барлық үздік инновациялық жүйелерінің бәрі, көп жағдайда қомақты мемлекеттік қолдауға ие болатынын айғақтайды.

Мемлекет экономиканы әртараптандыру шеңберінде ұлттық инновациялық жүйенің қалыптасуын мынадай қағидаттармен қамтамасыз етеді:

- 1) әлемдік деңгейдегі университеттер құру және ҒЗТКЖ-ның озық жүйесін қалыптастыру үшін университеттік ғылымды одан әрі дамыту;
- 2) гранттар жүйесі негізінде мемлекет үшін басым ҒЗТКЖ қаржыландыру. Елдің индустрияландыру басымдықтарына сәйкес ҒЗТКЖ басымдықтарын айқындауды Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия жүзеге асырады;
- 3) шетел мамандарын қоса алғанда, сарапшыларды тарта отырып, гранттарға өтінімдерді бағалаудың транспарентті процесін енгізу;
- 4) ұлттық қажеттіліктерге бейімделген тиімді шетелдік технологияларды қолдану.

### **Табысты индустрияландыру қағидаттары**

Қазақстанды индустрияландыру мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) мемлекеттік және жеке секторлардың рөлдерін нақты айқындау;
- 2) компаниялар мен мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын барынша арттыру;
- 3) тауарлардың сапасын және жұмыстар мен көрсетілетін қызметтің өнімділігін өсірудің, олардың құнын төмендетудің жетекші факторы ретінде бәсекелестікті қамтамасыз ету.

Елдің экономикалық мүдделерін қорғау мен ілгерілетудің сенімді жүйесін қалыптастыру, отандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтер үшін сыртқы нарықтарға қолжетімділік жасау және жосықсыз бәсекелестікті жою мақсатында тиімді сауда саясаты жүргізіледі.

Өзара сауданы дамыту, отандық өнімдердің бәсекеге қабілеттігін арттыру мен инвестициялардың өсуіне жәрдемдесу мақсатында Қазақстан ТМД-дағы ықпалдасу процестерінің белсенді қатысушысы болады. 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген Ресеймен және Беларусьпен Кеден одағының қалыптасуы мен дамуы серпінді жоба болып табылады. Үш елдің ықпалдасуының келесі кезеңі Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру болды.

2012 жылғы 1 қаңтардан бастап Бірыңғай экономикалық кеңістіктің құқықтық базасын қалыптастыратын келісімдер күшіне енді. Қазіргі уақытта Бірыңғай экономикалық кеңістікті, оның ішінде келісімдердің құқықтық ережелерін қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізілуде.

ТМД-дағы өңірлік экономикалық бірлестіктерді қолдай отырып, республика Дүниежүзілік сауда ұйымына елдің экономикалық даму басымдықтарына сай келетіндей талаптармен кіру процестерін жеделдетеді.

## Әртараптандырудың басымдықтары

Бірінші кезеңде (2010 – 2014 жылдар) отандық экономиканы үдемелі әртараптандыру, бірінші кезекте, жеті бағыт бойынша іске асырылады. Бұл – агроөнеркәсіптік кешен және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу; құрылыс индустриясы және құрылыс материалдарының өндірісі; мұнайды өңдеу және мұнай-газ секторының инфрақұрылымы; металлургия және дайын металл өнімдерін өндіру; химия, фармацевтика және қорғаныс өнеркәсібі; энергетика; көлік және телекоммуникация.

Осы бағыттар, сондай-ақ туризм индустриясын және машина жасауды дамыту Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басымдықтары болады.

Екінші кезеңде (2015 – 2019 жылдар) әртараптандырудың басым бағыттары мен түйінді көрсеткіштері Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру нәтижелерін ескере отырып айқындалатын болады.

Экономиканы табысты әртараптандыру республиканың орнықты дамуымен тығыз байланысты, оның ішінде:

1) жаңартылатын ресурстар мен энергия көздері негізінде қазіргі заманғы технологияларды енгізу. Жел энергетикасын, күн энергетикасы мен геотермалдық энергетиканы дамыту үшін ынталандырушы жағдайлар жасалады, су ресурстарын бірігіп басқару қағидаттарын ескере отырып, елдің су ресурстарын тиімді пайдалану технологиялары енгізіледі, сондай-ақ халықты ауыз сумен қамтамасыз ету жөнінде одан әрі іс-қимыл жасалады;

2) инвестициялар тарту, экологиялық проблемаларды шешу, антропогендік жүктеменің келеңсіз әсерін азайту, табиғатты пайдаланушылардың қоршаған ортаға эмиссияны азайту жөніндегі жауапкершілігін күшейту, қалдықтарды кешенді қайта өңдеу мәселелерін де қамти отырып, орнықты дамуды басқару жүйесін онтайландыру және төмен көміртекті экономиканың "жасыл" саясатын енгізу.

Экономиканы әртараптандыру экономикалық әлеуеттің ұтымды аумақтық ұйымдастырылуын құру мен халықтың тыныс-тіршілігі үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында экономикалық өсу орталықтарын қалыптастыру жөніндегі жоспарлармен үйлестіріледі.

Қазақстанның елордасы – Астананың одан әрі дамуына ерекше мән берілетін болады. Астана қаласының орнықты дамуының 2030 жылға дейінгі бекітілген стратегиялық жоспарына сәйкес басты міндеті Қазақстанның астанасын бәсекеге

кабілетті экономикасы, ел азаматтары мен туристер үшін тартымды, қолайлы қоршаған ортасы бар қала ретінде қалыптастыру болып табылады. Стратегиялық жоспар-2020 іске асыру кезеңінде Астана қаласының 2030 жылға қарай әлемнің ең бәсекеге қабілетті 30 қаласының қатарына кіруі үшін қажетті жағдайлар жасалады.

Елдің басқа аймақтарын дамыту бойынша олардың экономикалық әлеуетін нығайтуға бағытталған шаралар қабылданатын болады.

## Экономиканы әртараптандырудың стратегиялық мақсаттары

2020 жылға қарай	<p>ІЖӨ құрылымындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі кемінде 13%-ды құрайды; жалпы экспорт көлеміндегі шикізаттық емес экспорттың үлесі кемінде 45%-ды құрайды; шикізаттық емес экспорттың көлемі өңдеу өнеркәсібінің жиынтық өндірісінің кемінде 50%-ын құрайды; өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі кем дегенде 2 есеге ұлғаяды; агроөнеркәсіптік кешендегі еңбек өнімділігі кемінде 4 есеге ұлғаяды; шикізаттық емес сектордың өзіндік құрылымындағы көліктік шығыстардың үлесі кемінде 15%-ға қысқарады; ІЖӨ энергия сыйымдылығы кемінде 25%-ға азаяды; инновациялық белсенді кәсіпорындар үлесі 20%-ға дейін ұлғаяды</p>
2015 жылға қарай	<p>ІЖӨ құрылымындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі кемінде 12,5%-ды құрайды; жалпы экспорт көлеміндегі шикізаттық емес экспорттың үлесі кемінде 40%-ды құрайды; шикізаттық емес экспорттың көлемі өңдеу өнеркәсібінің жиынтық өндірісінің кемінде 43%-ын құрайды; өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі кемінде 1,5 есеге ұлғаяды; агроөнеркәсіптік кешендегі еңбек өнімділігі кемінде 2 есеге ұлғаяды; шикізаттық емес сектордың өзіндік құрылымындағы көліктік шығыстардың үлесі кемінде 8%-ға қысқарады; ІЖӨ энергия сыйымдылығы кемінде 10%-ға азаяды; инновациялық белсенді кәсіпорындар үлесі 10%-ға дейін ұлғаяды</p>

## Агроөнеркәсіптік кешен және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу

Жер ресурстарына бай Қазақстанның ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту жағынан ұзақ мерзімді салыстырмалы басымдығы бар. Ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру және ауыл шаруашылығындағы өңдеудегі қосылған құнды ұлғайту жөніндегі жұмыс жалғасады. Ауыл шаруашылығында суды тиімді пайдаланудың артуымен қатар, өсімдік шаруашылығын жаһандық жылынудың ықтимал салдарына бейімдеу жөніндегі шаралар іске асырылады.

Ауылдық жерлерде ел халқының шамамен 50%-ы тұратынын ескерсек, аграрлық саланы дамыту ауыл халқының өмір сүру сапасын арттырудың түйінді факторы болып табылады. Осыған байланысты ауылдың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамыту, оңтайлы ауылдық орналастыруды модельдеу жұмысы жалғасады.

## **Ауыл шаруашылығы саласындағы стратегиялық мақсаттар**

2020 жылға қарай	агроөнеркәсіп кешенінде еңбек өнімділігі кем дегенде 4 есе ұлғаяды; бидай түсімі 1 гектардан 1,4 тоннаны құрайды
2015 жылға қарай	экспорттың жалпы көлемінде аграрлық саланың экспорттық әлеуеті 8%-ға дейін ұлғаяды; агроөнеркәсіптік кешендегі еңбек өнімділігі кемінде 2 есеге ұлғаяды; етті өңдеу 27%-ға дейін, сүтті өңдеу – 40%-ға дейін, жеміс пен көкөністі өңдеу – 12%-ға дейін ұлғаяды

## **Құрылыс индустриясы және құрылыс материалдарының өндірісі**

Экономиканың өсуімен құрылыс қызметі мен құрылыс материалдарына деген сұраныс артады. Құрылыс материалдарының 50%-ы елге импортталатынын ескерсек, құрылыс индустриясының және құрылыс материалдары өндірісін дамытуға айтарлықтай мүмкіндік бар.

## **Құрылыс саласындағы стратегиялық мақсаттар**

2015 жылға қарай	құрылыс материалдарының 80%-ы ел ішінде шығарылады; құрылыс және құрылыс материалдары саласындағы өндіріс көлемінің 20%-ы экспортталады
------------------	---

## **Мұнайды қайта өңдеу және мұнай-газ саласының инфрақұрылымы**

Елдің бай минералдық ресурстары мұнай мен газ экспортының өсуіне ықпал етіп қана қоймайды. Жаңа құбыржолдарды салумен қатар мұнайды және газды өңдеу секторы, оның ішінде интеграцияланған мұнай газ-химия кешенін салу есебінен дамытылатын болады.

## **Мұнайды қайта өңдеу және мұнай-газ секторының инфрақұрылымы саласындағы стратегиялық мақсаттар**

2016 жылға қарай	Бейнеу - Бозой - Шымкент газ құбыры елдің оңтүстігін жылына 6 млрд. текше метр көлемге дейін газбен қамтамасыз етеді
2014 жылға қарай	отандық мұнай өңдеу зауыттары елдің отынға деген сұранысын толық қанағаттандырады

## **Металлургия және дайын металл өнімдерінің өндірісі**

Металл кенінің зор қорына ие бола отырып, Қазақстанда дайын металлургиялық өнімдердің отандық өндірісін дамыту үшін барлық мүмкіндіктер бар.

## **Металлургия саласындағы стратегиялық мақсаттар**

## Химия, фармацевтика және қорғаныс өнеркәсібі

Химия өндірісін дамыту мақсатында қазірдің өзінде 18 жоба іске асырылуда. Химия өнеркәсібін одан әрі дамыту органикалық химия мен полимерлердің, бейорганикалық химияның базалық өнімдерін, арнайы химикаттар мен тұтыну химиясын шығарумен байланысты болады. Фармацевтика өндірісі дамиды. Қорғаныс өнеркәсібінде елдің Қарулы Күштерін жаңғырту бағдарламалары іске асырылады.

## Химия, фармацевтика және қорғаныс өнеркәсібіндегі стратегиялық мақсаттар

2020 жылға қарай	мемлекеттік қорғаныс тапсырысының 80%-ын отандық өндіріс қамтамасыз етті; химия өнімдерінің жалпы өндірісі 3 есеге өседі; химия өнімдерінің 20-дан астам жаңа түрін өндіру ұйымдастырылды
2015 жылға қарай	каустикалық сода бойынша хлор-сілті өндірісі жылына 100 мың тоннаға дейін кеңейтілді; минералды тыңайтқыштардың әркілі түрлерін шығару жылына 3 млн. тоннадан асады; ; қуаты жылына 400 мың тонна кальцийлендірілген сода өндірісі ұйымдастырылды; химиялық өндіріс үшін шикізатты қайта өңдеу және байыту қуаттары енгізілді; күкірт қышқылының өндірісі жылына 2500 мың тоннадан артық көлемге жеткізілді
2014 жылға қарай	елдегі дәрілік заттарды тұтынудың жартысын отандық өндіріс қамтамасыз етеді

## Атом энергетикасы мен энергияның баламалы көздерін қоса алғанда, энергетиканы дамыту

Экономикалық өсу қарқыны және экономиканы әртараптандыру энергетика секторына айтарлықтай қысым жасайды. Өнеркәсіптің отандық салалары біршама энергияны қажет етеді және энергия үнемдеудің айтарлықтай әлеуеті бар. Энергияны пайдалану тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды іске асырумен қатар ішкі қажеттіліктерді, әсіресе батыс және оңтүстік өңірлерде қанағаттандыру үшін оның өндірісін үдету талап етіледі. Осыған байланысты энергия көздері мен электр желісі кәсіпорындарында қазіргі қуаттарды кеңейту мен реконструкциялау және жаңаларын салу жөнінде жұмыстар жүргізілетін болады.

Энергетика секторын дамыту шеңберінде Қазақстан жаһандық мақсатқа – парниктік газдарды шығаруды азайтуға жәрдемдеседі.

Неғұрлым арзан, экологиялық жағынан таза энергия алу әдістерінің бірі атом энергетикасын дамыту болып табылады. Атом энергетика кешендері қолда бар отын және минералдық ресурстарды оңтайлы әрі теңгерімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Энергияның баламалы көздерін пайдалану үлесі жалпы энергия пайдалану көлемінің 1%-ынан аз. Экологиялық проблемаларды шешу қажеттігін ескере отырып, электр энергетикасын дамытудың басым бағыттарының бірі жаңартылатын энергетика ресурстарын (гидроэнергия, жел және күн энергиясы) пайдалану болып табылады, олардың Қазақстандағы пайдаланылмай отырған әлеуеті өте зор.

Электр энергетикасы секторында нарықтық жағдайларда саланың дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін баға және тариф түзу реформалары жүргізіледі. Электр желілері компаниялары үшін тариф түзудің жаңа тетігі енгізілетін болады.

## Энергетика саласындағы стратегиялық мақсаттар

2020 жылға қарай	өзіміздің көздерден экономика қажеттіліктерін қанағаттандыратын энергия шығару 100%-ды құрайды; энергияның баламалы көздерін пайдалану үлесі энергия тұтынудың жалпы көлемінде 3%-дан артық болады; электр энергиясын өндіруде газ электр станцияларының үлесі 20%-ды құрайды; АЭС және Балқаш ЖЭС салынды және пайдалануға енгізілді; ядролық отын циклімен тігінен кіріктірілген компания құрылды; жұмыс істеп тұрған генерациялайтын энергия қуаттары және таратушы энергия желілері реконструкцияланды және жаңартылды
2015 жылға қарай	энергияның баламалы көздерін пайдалану үлесі энергия тұтынудың жалпы көлемінің 1,5%-ынан артық болды; Балқаш ЖЭС бірінші кезегінің құрылысы аяқталды
2012 жылға қарай	электр энергиясының бағаларын және электр энергиясын беру мен тарату тарифтерін қалыптастырудың ұзақ мерзімді тарифтік саясаты әзірленді және енгізілді

## Көлік және телекоммуникация

Көлікті дамытудың негізгі бағыттары көлік инфрақұрылымының негізгі төрт құрамдас бөлігі: теміржол, автомобиль, әуе және су көлігінің тиімділігін арттыру және интеграциялау болып табылады.

Елдің транзиттік әлеуеті кеден және шекара рәсімдерін реформалаумен үндестірілген, көлік инфрақұрылымына нысаналы инвестициялар салу арқылы арттырылатын болады.

Елдің ішкі континенталдық орналасуы және теңізге шығудың болмауы қазақстандық тауарларды сыртқы өткізу нарықтарына жеткізуде, импорттық

өнімдерді әкелуде, Ресеймен және Қытаймен сауда байланыстарын дамытуда, сондай-ақ Түркіменстан және Иран арқылы Парсы шығанағының порттарына қол жеткізуде көліктің рөлін күшейте түседі.

## Теміржол көлігі

Теміржол саласын реформалау мемлекеттік реттеуді жетілдіруді, жеке бастамаларға жағдайлар жасауды, сондай-ақ негізгі құралдарды айтарлықтай жаңарту мен жаңғыртуды көздейді. Саланың институционалдық құрылымындағы түйінді өзгерістер қызметтің инфрақұрылымдық және тасымалдау түрлерін ұйымдық, қаржылық және операциялық бөлуге; мемлекет тарапынан тасымалдау қызметін бағалық реттеуді жоюға; тәуелсіз тасымалдаушылардың магистральдық теміржол инфрақұрылымына кемсітусіз қол жеткізуін қамтамасыз етуге және әлеуметтік маңызы бар шығынды тасымалдауларды мемлекеттік субсидиялауға саяды.

## Теміржол көлігі саласындағы стратегиялық мақсаттар

2020 жылға қарай	<p>республика ішінде және Қазақстан шегінен тыс жүктер мен жолаушыларды жеткізуді жеделдету үшін 1400 км жуық жаңа теміржол желілері салынды, бұл ретте құрылысты қаржыландырудың кем дегенде 50%-ы жеке инвестициялар есебінен жүзеге асырылуда;</p> <p>теміржол көлігінің негізгі активтерінің тозуы 40%-ға дейін төмендеді;</p> <p>жүк поездарының теміржолдың транзиттік учаскелерінің бойымен қозғалуының орташа техникалық жылдамдығы 55 км./сағ-тан кем болмайды;</p> <p>экспорттық өнімнің өзіндік құнындағы теміржол көлігімен тасымалдау шығыстарының үлесі 20%-ға төмендеді;</p> <p>электрленген теміржол желілерінің үлесі жалпы теміржол ұзындығының 40%-ынан кем болмайды;</p> <p>әрбір оператор үшін нарықтағы үлесі кемінде 7% болатын жүк және жолаушыларды тасымалдау саласында 5 немесе одан көп тәуелсіз ірі операторлар жұмыс істейді, Қазақстан аумағы арқылы транзиттік тасымалдаудың көлемі екі еседен астам артады;</p> <p>теміржол көлігі саласында Қазақстан аумағы арқылы транзиттік тасымалдаудың көлемі екі еседен астам артады</p>
2014 жылға қарай	жүк және жолаушылар тасымалы саласында жаңа тариф саясаты іске асырылды және магистральдық теміржол желісі қызметтерінің 10 жылға арналған шекті тарифтері бекітілді
2013 жылға қарай	Жетіген-Қорғас теміржол желісі салынды; теміржол көлігін басқарудың жаңа жүйесі енгізілді
2012 жылға қарай	Өзен-Түркіменстанмен мемлекеттік шекара теміржол желісі салынды

## Автожол саласы және автомобиль көлігі

Автожол саласын одан әрі дамыту институционалдық реформалар мен жолдарды күтіп ұстауды жетілдіруге және магистральдық инфрақұрылымға

салынатын инвестицияларды қамтамасыз етуге бағытталған саланы одан әрі ырықтандыру жөніндегі шараларды үйлестіру арқылы қамтамасыз етіледі.

2020 жылға қарай Қазақстанның ірі қалалары мен елді мекендерін өзара байланыстыратын қазіргі заманғы автожол желісі салынады. Бұл ретте жергілікті маңызы бар автожолдарды дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

### **Автожол саласы мен автомобиль көлігі саласындағы стратегиялық мақсаттар**

2020 жылға қарай	республикалық маңызы бар 16 мың км. жуық автомобиль жолдары салынды және реконструкцияланды; Қазақстан аумағы арқылы транзиттік тасымалдау көлемі екі еседен астам артады
2016 жылға қарай	"Батыс Еуропа – Батыс Қытай" халықаралық транзит дәлізі реконструкцияланды
2015 жылға қарай	республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының орта есеппен 85%-ы жақсы және қанағаттанарлық жағдайда; жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының орта есеппен 70%-ы жақсы және қанағаттанарлық жағдайда
2014 жылға қарай	халықаралық тасымалдауда цифрлы тахографтар енгізілді; республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының жекелеген учаскелерінде ақылы жүйе енгізілді
2013 жылға қарай	"Евро-3" экологиялық стандарттары енгізілді

### **Авиакөлік**

Азаматтық авиацияны дамыту әуе тасымалдауын реттеуді бірте-бірте ырықтандырумен, авиатасымалдау инфрақұрылымын қолдауға инвестицияларды жүзеге асырумен, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікке қойылатын талаптарды жоғарылатумен қатар жүреді.

### **Авиакөлік саласындағы стратегиялық мақсаттар**

2020 жылға қарай	15 әуежай ИКАО санатына ие болды; әуе тасымалының бәсекелі нарығы құрылды; 4 халықаралық әуежай – "хаб" жұмыс істейді; транзиттік тасымалдаулардың көлемі екі еседен астам артады
2015 жылға қарай	халықаралық әуе қатынастарының саны екі есе артты; еуропалық авиациялық стандарттар толық енгізілді

### **Су көлігі**

Су көлігі саласын дамытудың басым бағыттары порт және қызмет көрсету инфрақұрылымын дамыту, сауда флотын қалыптастыру, кадрлық әлеуетті дамыту және кеме қатынасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

## Су көлігі саласындағы стратегиялық мақсаттар

2020 жылға қарай	Қазақстанның теңіз порттарының өткізу қабілеті 48 млн. тоннаға дейін жеткізілді
2016 жылға қарай	ұлттық теңіз сауда флоты Қазақстан Республикасының порттарынан Каспий теңізіне мұнай тасымалдау көлемінің 2/3 бөлігін және құрғақ жүк тасымалдау көлемінің 1/2 бөлігін қамтамасыз етеді
2015 жылға қарай	Каспий теңізінің қазақстандық секторының акваториясы мен ішкі су жолдарында кемелердің қауіпсіз жүзуі қамтамасыз етілді

## Телекоммуникация

Соңғы жылдары ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (бұдан әрі – АКТ) қарқынды дамуы мен бейімделуі экономикалық көрсеткіштерге ғана емес, адамдардың өмір сүру салтына да ықпал ете отырып, қоғамды жаңғыртудың басты факторларына айналып отыр. Қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық кеңістікті қалыптастыру мақсатында телекоммуникация саласының дамуын ынталандыру, АКТ саласының заманауи инфрақұрылымын құру, телекоммуникациялық және электрондық қызметтерді кеңінен тарату, сондай-ақ серпінді ақпараттық қоғамның негіздерін құру жалғасады.

## Ақпараттық-коммуникация саласындағы стратегиялық мақсаттар

2020 жылға қарай	жоғары жылдамдықты заманауи оптикалық және сымсыз технологияларға негізделетін, халыққа және ұйымдарға мультимедиялық қызметтер ұсынуға бағытталған телекоммуникация инфрақұрылымы қалыптасты; АКТ саласындағы базалық қызметтерге халықтың қол жетімділігінің жүз пайыздық деңгейі қамтамасыз етілді; халықтың компьютерлік сауаттылығының деңгейі 80%-ға дейін артты;
2016 жылға қарай	Қазақстан Республикасының бүкіл халқы үшін телефон байланысы қызметтеріне қосылу мен Интернет жетімділік мүмкіндігі қамтамасыз етілді; Қазақстанның халқын цифрлық телерадио хабарларын таратумен қамту 95%-ды құрайды
2015 жылға қарай	жергілікті телефон байланысын цифрландырудың 100 пайыздық деңгейіне қол жеткізілді; халық саны 1 000 адам және одан да көп болатын елді мекендердің барлығы ұялы байланыс қызметтерімен қамтамасыз етілді; салалық стандарттау деңгейі халықаралық нормаларға дейін жеткізілді және Қазақстан Республикасында АКТ-ның дамуына ықпал ететін құқықтық негізі қалыптастырылды; халықтың компьютерлік сауаттылығының деңгейі 54%-ға дейін артты;

"электрондық үкімет" және "электрондық әкімдіктер" бағдарламаларын іске асыру шеңберінде әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік қызмет көрсетулердің кемінде 100%-ын электрондық нысанға көшіру қамтамасыз етілді;  
Интернет желісінің қазақстандық сегментін мемлекеттік қолдау шараларының жүйесі құрылды

## Ғарыш саласындағы қызмет

Экономиканың және қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын толыққанды ғарыш саласын қалыптастыру үшін ғарыш инфрақұрылымы, ғарыш қызметінің ғылыми және ғылыми-технологиялық базасы құрылуда және дамытылуда.

## Ғарыш саласындағы стратегиялық мақсаттар

2020 жылға қарай	ғылыми-технологиялық мақсаттағы ғарыш аппараты ұшырылады және пайдалануға енгізілді; еліміздің дәлдігі жоғары спутниктік навигация қызметтеріне деген қажеттілігін қанағаттандыру дәрежесі ҚР аумағының 80%-ын жабу; тұтынушыларға берілетін ғарыш деректерінің жалпы санындағы қазақстандық Жерді қашықтықтан зондтау ғарыш аппараттары деректерінің үлесі 60%; ғылымды көп қажет ететін 12 технология, оның ішінде ғарыш техникасы мен материалдардың эксперименттік үлгілері әзірленді және енгізілді
2015 жылға қарай	"KazSat-3" байланыс және хабар тарату ғарыш аппараты ұшырылды және штаттық пайдалануға енгізілді; Жерді қашықтықтан зондтау орта және жоғары шешімді оптикалық спутниктері ұшырылды және штаттық пайдалануға енгізілді; тіркелген спутниктік байланыс арналарында еліміздің қажеттілігін қанағаттандыру дәрежесі 100%; еліміздің дәлдігі жоғары спутниктік навигация қызметтеріне деген қажеттілігін қанағаттандыру дәрежесі ҚР аумағының 55%-ын жабу; тұтынушыларға берілетін ғарыш деректерінің жалпы санындағы қазақстандық Жерді қашықтықтан зондтау ғарыш аппараттары деректерінің үлесі 50%; Астана қаласында ғарыш техникасының арнайы конструкторлық-технологиялық бюросы және тәжірибелік өндірісі бар ғарыш аппараттарын құрастыру-сынау кешені салынды

## Қоршаған ортаны қорғау және "жасыл" экономикаға көшу

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдама Қазақстан халқының әл-ауқатын, өмір сүру сапасын арттыру және елдің әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына кіруі арқылы қоршаған ортаға түсетін жүктеме мен табиғи ресурстардың тозуын барынша азайта отырып, жаңа тұрпаттағы экономикаға көшу мақсатында терең жүйелі жаңартулар үшін негіз қалайды.

Ел алдында тұрған "жасыл экономикаға" көшу жөніндегі негізгі басым міндеттер:

1) ресурстарды (су, жер, биологиялық және басқа) пайдалану мен оларды басқару тиімділігін арттыру;

2) қолда бар инфрақұрылымды жаңғыртып, жаңаларын салу;

3) қоршаған ортаға қысымды жұмсартудың рентабельді жолы арқылы халықтың әл-ауқаты мен қоршаған ортаның сапасын арттыру;

4) су ресурстарымен қамтамасыз ету.

Тұжырымдамаға сәйкес "жасыл экономикаға" көшу жөніндегі іс-шаралар мынадай 7 бағыт бойынша іске асырылатын болады:

1) су ресурстарын ұтымды пайдалану;

2) орнықты және өнімділігі жоғары ауыл шаруашылығын дамыту;

3) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру;

4) электр энергетикасын дамыту;

5) қалдықтарды басқару жүйесін дамыту;

6) ауаның ластануын азайту;

7) экожүйелерді сақтап қалу және тиімді басқару.

## **Қоршаған ортаны қорғау және "жасыл экономикаға" көшу саласындағы стратегиялық мақсаттар**

2020 жылға қарай	ІЖӨ энергия сыйымдылығы 2008 жылғы деңгейден 25%-ға төмендейтін болады; электр энергиясын өндіруде баламалы көздердің үлесі кемінде 3%-ды құрайды; Ақмола және Қарағанды облыстарын газдандыру жүзеге асырылатын болады; электр энергиясын өндіруде газбен жұмыс істейтін электр станцияларының үлесі 20%-ды құрайды; электр энергетикасындағы көмірқышқыл газының қалдықтары 2012 жылғы деңгейге дейін төмендейтін болады
------------------	--

## **Су ресурстарын басқару**

Су ресурстарын басқару саласында су ресурстарының тапшылығын қысқарту бойынша мынадай шаралар мен тетіктер іске асырылуы тиіс:

1) ауыл шаруашылығында суды үнемдеу;

2) өнеркәсіпте суды пайдаланудың тиімділігін арттыру:

энергия тиімділігі жоғары технологиялар енгізу;

сарқынды суларды қайта пайдалану және айналымдық сумен жабдықтау;

өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін суды тарту және тазарту стандарттарын жоғарылату;

3) коммуналдық шаруашылықта су пайдаланудың тиімділігін арттыру;

4) су ресурстарының қолжетімділігі мен сенімділігін арттыру.

Бұдан басқа, су ресурстарын басқару саясатын жетілдіру талап етіледі:

1) барлық секторларда және барлық деңгейлерде суды пайдаланушылармен тиімді өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз ету үшін су ресурстарын ұлттық деңгейде және бассейндер деңгейінде басқару жүйесін жақсарту;

2) судың толық құнын көрсететін тарифтерді айқындау; су үнемдеуді қолдау үшін субсидиялар мен ынталандыруды қайта қарау.

## Су ресурстарын басқару саласындағы стратегиялық мақсаттар

2020 жылға қарай	республика халқының орталықтандырылған сумен жабдықтауға қолжетімділігін қамтамасыз ету – 100%; ауылдық елді мекендердің жалпы санының 20%-ына ауыл халқының орталықтандырылған су тартуға қолжетімділігін қамтамасыз ету; орталықтандырылған су бұруға қала халқының қолжетімділігін қамтамасыз ету – 100%; алаңы 1800 мың гектар суармалы жерлердің ирригациялық жүйелерін дамыту, реконструкциялау және қайта жаңғырту арқылы суармалы сумен қамтамасыз ету; республика бойынша орташа суару нормасын 9180 текше метр /гектардан (м <sup>3</sup> /га) 8500 м <sup>3</sup> /га дейін азайту; суармалы алаңдардың 5% тамшылатып суару жүйелерін және суарудың басқа да су үнемдеуші технологияларын енгізу; ирригациялық және дренаждық жүйелердің 30%-ын қазіргі заманғы гидробекеттермен, суесептегіш құралдармен және технологиялық процесті автоматтандырылған басқару жүйесінің құралдарымен қамту
------------------	--

## Түйінді бағыт: болашаққа инвестициялар

Адами ресурстардың дамуы елдің ұзақ мерзімді даму стратегиясының жоғарғы басымдығы ретінде айқындалады. Болашақтағы экономикалық пайда жұмыс күшінің сапасы мен өнімділігін елеулі түрде арттыратын білім беру, ғылым мен денсаулық сақтауға инвестициялар салумен тығыз байланысты.

Сондықтан келесі онжылдықта білім беру, ғылым мен денсаулық сақтау қызметтерінің сапасын арттыруға ерекше мән берілетін болады. Халық санының, бірінші кезекте, оның табиғи өсімі мен ұтымды көші-қон саясатын жүргізу есебінен ұлғаюына зор көңіл бөлінеді.

Отбасылық қолайсыздық пен әлеуметтік жетімдіктің, қараусыз және қадағалаусыз қалудың, құқық бұзушылық пен қылмыстың профилактикасы мен алдын алу мәселелерін кешенді түрде шешуге бағытталған балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жүйесінің тиімділігі артатын болады.

Мемлекеттік жастар саясаты бәсекеге қабілетті жастарды қалыптастыруға бағытталады, олар қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық жаңаруларға белсенді қатысады. Жас ұрпақпен өзара іс-қимыл жасаудың отансүйгіштік сана-сезімді, азаматтық жауапкершілікті арттыруға, белсенді қоғамдық ұстаным

мен саламатты өмір салтын қалыптастыруға, кәсіпкерлік және инновациялық әлеуетті дамытуға, жас таланттарды табуға және қолдауға бағытталған тиімді моделі әзірленетін болады.

## **Білім беру**

2020 жылға қарай білім беру жүйесінің барлық деңгейлері – мектепке дейінгі білімнен жоғары білімге дейін түбегейлі жаңғыртылатын болады. Білім берудің әрбір деңгейінде білім алу, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті арттыру, адамның бүкіл өмір бойы тұрақты түрде жаңа білім мен дағдыларды алу мүмкіндіктері ұсынылады.

Мемлекет тұратын жеріне және отбасының табысына қарамастан, барлық балаларға мектепке дейінгі тәрбие беру және оқу мүмкіндіктерін ұсынатын болады.

Орта білім беру жүйесінде оқытудың 12 жылдық моделіне көшу жүзеге асырылады, ол он жыл ішінде жалпыға бірдей міндетті білім беруді және екі жыл ішінде бейінді білім беруді көздейді. Бұл ретте білім беру бағдарламаларының мазмұны өмірде және кәсіпте қажетті құзыреттерді дамытуға барынша назар аударылатындай қайта қаралатын болады.

"Назарбаев зияткерлік мектептері" жобасы орта білім беру жүйесін жаңғыртуға ықпал ететін түйінді жобалардың біріне айналады. Бұл мектептер балабақшалар мен мектеп алдындағы даярлық үшін оқу-тәрбие бағдарламаларын, сондай-ақ 12 жылдық оқытудың білім беру бағдарламаларын әзірлеу, енгізу және байқап көру жөніндегі бастапқы алаңдар болып табылады. Бұл бағдарламалар қазақстандық білім берудің озық дәстүрлері мен әлемдік педагогикалық тәжірибенің озық үлгісімен үйлесетін болады, физика-математикалық және химия-биологиялық бағыттағы пәндер бойынша бағдарлануды көздейді, тілдерді кеңінен зерделеуге ықпал ететін болады.

Білікті кадрларды даярлау елді индустрияландыру жөніндегі жоспарлармен байланыстырылатын болады. Техникалық, кәсіптік және жоғары білім беруде заманауи еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетін жүйеге көшу жүзеге асырылады, ал білім беру стандарттары ұлттық біліктілік жүйесі арқылы кәсіптік стандарттармен қалыптасатын болады.

Орта, техникалық, кәсіптік және жоғары білім беруде электрондық оқыту жүйесі (e-learning) енгізіледі.

Жоғары оқу орындарына корпоративтік менеджмент қағидаттары енгізіле отырып, академиялық еркіндік берілетін болады.

Астана қаласында әлемдік деңгейдегі беделді жоғары оқу орны – "Назарбаев Университетінің" құрылуы білім берудегі маңызды жобалардың бірі болып

табылады. Бұл университет Қазақстанның ұлттық брендіне айналып, отандық инженерлік-техникалық және ғылыми кадрларды даярлауда және қазіргі заманғы ғылыми-зерттеу инфрақұрылымын қалыптастыруда сапалы серпінді қамтамасыз етеді.

Университеттің құрамына кіретін әрбір мектептің (институттың) тиісті бейіндегі жетекші жоғары оқу орындары арасынан шетелдік академиялық әріптесі, білімді, ғылым мен өндірісті интеграциялауды қамтамасыз ететін мықты ғылыми және өндірістік базасы болады.

Университет бағдарламасының "Назарбаев зияткерлік мектептері" жобасының мектепке дейінгі және орта білім берудің оқу бағдарламаларымен сабақтастығы қамтамасыз етіледі.

Білім беру қызметтерінің сапасын арттыру білім беруді қаржыландыру жүйесін жақсартумен, үкіметтік емес, коммерциялық емес агенттіктерді енгізу есебінен білім беру жүйесінің инфрақұрылымын кеңейтумен, халықаралық стандарттар бойынша оқу орындарын аккредиттеудің тәуелсіз ұлттық жүйесін және тәуелсіз рейтингтерді құрумен, оқу орындарына бірлесіп басқару элементтерін енгізумен, оның ішінде осы процеске азаматтарды тартумен, білім беру сапасын бақылау тетіктерін жетілдірумен сүйемелденетін болады. Қомақты мемлекеттік қолдаудың арқасында ұстаз мамандығының беделі айтарлықтай артады.

Мемлекет денсаулығы бұзылған, тұрмысы төмен отбасылардағы және тәуекел топтарына жататын балалар үшін білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету жұмысын жалғастырады.

Ғылым саласында қазіргі заманғы және дамыған ғылыми-инновациялық инфрақұрылым құру есебінен ғылыми жетістіктермен алмасу үшін Қазақстанның тартымдылық деңгейін арттыру, ғылымды дамытудың басым бағыттарының шеңберінде әлемдік деңгеймен салыстыруға келетін ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне қол жеткізу, сондай-ақ қолданбалы зерттеулердің экономикалық тұрғыдан қабылдануын ынталандыру және әлемдік ғылым мен технологияның перспективалық бағыттары бойынша инновациялық даму үшін әлеуетті жинақтау күтілуде.

Мемлекет біліктілігі жоғары ғылыми кадрлар даярлау жүйесінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз етеді.

Ғылыми-зерттеулердің нәтижелері өндіріске енгізілетін болады.

Ғылыми қызметкерлер үшін, оның ішінде жастарды ғылымға тарту, ғылыми-техникалық қызметті және ғалым, инженер мамандығын көпшілікке танымал ету үшін материалдық және шығармашылық ынталандыру жүйесі құрылатын болады.

## Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту саласындағы стратегиялық мақсаттар

2020 жылға қарай	мемлекет қалаларда да, ауылдық жерлерде де балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен толықтай қамту үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз етілді
2015 жылға қарай	әрбір елді мекенде кем дегенде бір мектепке дейінгі ұйым бар немесе мектепке дейінгі тәрбиелеудің басқа нысандарын жүзеге асыру үшін жағдайлар жасалды; мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту қызметтерін жеке жеткізушілерді дамытуды ынталандыратын жағдайлар жасалды; мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен 70 пайыздық қамтуды қамтамасыз ететін мемлекеттік және жекеменшік балабақша желісі дамыды; өңірлердің ерекшеліктеріне байланысты мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың алуан түрлі модельдері жұмыс істеуде және дамуда

## Орта білім беру саласындағы стратегиялық мақсаттар

2020 жылға қарай	жалпы білім беретін мектеп білімді, жоғары өнегелі, сыншыл ойлайтын, денесі де, рухани жағынан да дамыған, өзін-өзі дамытуға және шығармашылыққа ұмтылатын азаматты қалыптастыруға ықпал ететін академиялық білім беріп, дағдыларды ұсынады; қазақстандық жалпы білім беретін мектеп оқушылары PISA, TIMSS, PIRLS сияқты халықаралық салыстырмалы зерттеулерде жоғары нәтижелерге жетеді
2015 жылға қарай	жалпы білім беретін мектептер оқытудың 12 жылдық моделі бойынша, орта білім берудің жаңартылған ұлттық стандарттары, оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша жұмыс істейді; орта мектептерді жан басына қаржыландыру тетігі енгізілді, мектептердің қамқоршылық кеңестері жұмыс істейді; Қазақстанның барлық өңірлерінде "Назарбаев зияткерлік мектептері" жобасы шеңберінде 20 мектеп жұмыс істейді

## Техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы стратегиялық мақсаттар

2020 жылға қарай	әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктірілген техникалық және кәсіптік білім берудің тиімді жүйесі жұмыс істейді; ішкі және сыртқы еңбек нарықтары танитын Ұлттық біліктілік жүйесі енгізілді; жұмыс берушілер техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары түлектерінің білімдері мен дағдыларының жоғары сапасын мойындайды
2015 жылға қарай	еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетін техникалық және кәсіптік білім берудің стандарттары, оқу жоспарлары/бағдарламалары жаңартылды; жұмыс берушілер техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту және кадрлар даярлау жөніндегі салалық және өңірлік кеңестердің жұмысына қатысады; жасына, білім деңгейіне және кәсіптік біліктілігіне қарамастан, бүкіл өмір бойы оқу үшін жағдайлар жасалды

## Жоғары, жоғары оқу орнынан кейін білім беру және ғылым саласындағы стратегиялық мақсаттар

--	--

2020 жылға қарай	Қазақстанның жоғары білім беру сапасы білім беру саласындағы әлемнің ең үздік тәжірибелеріне сәйкес келеді; Қазақстанның кемінде екі ЖОО әлемдік үздік университеттер рейтингіне енгізілді; отандық жоғары оқу орындарының түлектері жұмыс берушілер тарапынан сұранысқа ие болды; әлемдік рейтингті ғылыми журналдардағы Қазақстан ғалымдары жарияланымдарының саны жылына кемінде 2000 құрайтын болады; жалпы ішкі өнімнің ғылымға арналған шығыстарының үлесі кемінде 2 %-ға жетеді
2017 жылға қарай	Қазақстандық ғалымдардың ауқымды халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларына қатысуы; әлемдік стандарттарға сай біліктілігі жоғары ғылыми кадрлар даярлаудың тиімді жүйесі жұмыс істейді; ғылыми зерттеулер көлемінде ғылыми-техникалық әзірлемелер үлесі 35-40%-ды құрайтын болады
2015 жылға қарай	Қазақстанның жоғары мектебі Болон процесінің негізгі параметрлеріне сәйкес тиімді әрі табысты жұмыс істейді; жоғары білім беру жүйесі барлық деңгейлерде транспарентті, басқару мен қаржыландырудың қазіргі заманғы тетіктері енгізілді, сыбайлас жемқорлық деңгейі айтарлықтай азайтылды; қазақстандық ЖОО-лардың 50 %-ы халықаралық стандарттар бойынша тәуелсіз ұлттық институционалдық аккредиттеуден өтеді; университеттер жанындағы зерттеу орталықтары технологиялардың сәтті трансферті үшін тетіктер әзірледі; "Назарбаев Университеті" біліктілігі жоғары мамандар мен жас ғалымдарды оқытып шығарады; ғылыми қызметкерлер үшін материалдық және шығармашылық ынталандыру, жастарды ғылымға тарту, ғалымның беделін арттыру жүйесі құрылды

## Денсаулық сақтау

Азаматтар өмірінің межеленген ұзақтығын арттыру мақсатында азаматтар денсаулығын нығайту саясаты жүргізілетін болады, бұл түпкі нәтижесінде бәсекеге қабілетті дені сау ұлттың қалыптасуына алып келеді. Медициналық қызметтер көрсету сапасының бірыңғай стандарттарын енгізу, медициналық ұйымдарды материалдық-техникалық жарақтандыруды жақсарту, кадр әлеуетін дамытуды ынталандыру, балалар денсаулығын қамтамасыз етудің жаңа тәсілдерін енгізу, жеке медицинаны дамыту үшін жағдайлар жасау жөнінде шаралар қабылданады.

## Денсаулық сақтау саласындағы стратегиялық мақсаттар

2020 жылға қарай	халықтың өмір сүруінің межеленген ұзақтығы 73 жасқа дейін өседі; аналар өлімі 3 есе азаяды; сәбилер өлімі 2 есе азаяды; жалпы өлім 30%-ға азаяды; туберкулезбен ауыру 20%-ға азаяды
2015 жылға қарай	халықтың өмір сүруінің межеленген ұзақтығы 71 жасқа дейін өседі; аналар өлімі 2 есе азаяды; сәбилер өлімі 1,5 есе азаяды; жалпы өлім 15 %-ға азаяды; туберкулезбен ауыру 15 %-ға азаяды

Медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру денсаулық сақтау жүйесінің бірінші кезекті міндеті болады. Бұл үшін мемлекеттік медициналық ұйымдарды басқару және денсаулық сақтау жүйесінде инвестициялық саясат жүргізу тәсілдері қайта қаралады, нәтижелерге бағдарланған медициналық қызметтерге ақы төлеу және қаржыландыру жүйесі енгізіледі, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің сапалы әртүрлі жүйесі құрылады.

Саламатты өмір салтын ұстану және өз денсаулығы үшін ортақ жауапкершілік қағидаты денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясаттың да, сондай-ақ, халықтың күнделікті өмірінің де ажырамас бөлігі болады. Бұл темекі тарту, алкогольді шектен тыс пайдалану, стресс, дене қимылы белсенділігінің төмен болуы және дұрыс тамақтанбау салдарынан ауруларға шалдығуды қысқартуға мүмкіндік береді. Адамның зиянды әдеттеріне қарсы күрестің тиімді құралдарының бірі елдегі бұқаралық денешынықтыру-спорт қозғалысын дамыту болады.

## **Денсаулық сақтаудағы қаржыландыру және басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі стратегиялық мақсаттар**

2020 жылға қарай	әлеуметтік бағдарлы алғашқы медициналық-санитариялық көмекті (бұдан әрі - МСАК) басым дамытуға негізделген, денсаулық сақтауды қаржыландырудың және медициналық қызметтерге ақы төлеудің тиімді жүйесі құрылды; денсаулық сақтауды басқарудың халықаралық стандарттарға сай келетін жүйесі құрылды; азаматтардың өз денсаулығы үшін ортақ жауапкершілігін арттырудың жаңа тетіктері енгізілді; тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі - ТМККК) шеңберінде жеке медициналық қызмет көрсетушілердің үлесі 20% -дан кем болмайды
2015 жылға қарай	дәрігерді және медициналық ұйымды еркін таңдау жүйесі енгізілді; республика азаматтары үшін тұратын жеріне қарамастан, ТМККК шеңберінде медициналық қызметтерді алуда тең жағдайлар жасалды; мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізіне меншік нысанына қарамастан, ТМККК қызметтерін көрсетушілерге қолайлы бәсекелес орта жасалды; ТМККК қаражатын денсаулық сақтаудың мамандандырылған деңгейінен бастауыш буынына қайта бөлу тетіктері іске асырылды; халықтың жеке бейресми төлемдерінің деңгейі төмендейді және қолданыстағы ТМККК жүйесімен қатар тең төлеу тетігі енгізілді; денсаулық сақтауға салынған инвестициялардың тиімділігін бағалау жүйесі әзірленді; тиімді тарифтік саясат енгізілді
2013 жылға қарай	Қазақстан Республикасының бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі қалыптасты

## **Медициналық қызметтер көрсетуді жетілдіру жөніндегі стратегиялық мақсаттар**

--	--

2020 жылға қарай	МСАК жұмсалатын шығыстар деңгейі ТМККК-ге бөлінетін қаражат жалпы көлемінің 40 %-ына дейін жеткізілді; стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары жұмысының негізгі көрсеткіштері (төсек саны, емде болудың орташа ұзақтығы және т.б.) тиімділіктің халықаралық стандарттарына сәйкес келеді; 16 жасқа дейінгі балаларды медициналық қызмет көрсетудің бүкіл спектрімен 100 пайыздық қамту
2015 жылға қарай	МСАК дәрігерлерінің жалпы санындағы жалпы практика дәрігерлерінің үлес салмағын 50 %-ға дейін ұлғайту; стационарлық көмек негізінен көпбейінді ауруханаларда көрсетіледі

## **Дәрілік заттардың қолжетімділігі мен сапасын арттыру жөніндегі стратегиялық мақсаттар**

2020 жылға қарай	ТМККК шеңберінде дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етудің тиімді жүйесі енгізілді
2015 жылға қарай	ТМККК көрсету үшін пайдаланылатын дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарға қолжетімділік, әсіресе, ауылдық жерлерде арттырылды; мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары сатып алатын дәрілік заттардың бағаларын мемлекеттік реттеу енгізілді

## **Саламатты өмір салты саласындағы стратегиялық мақсаттар**

2020 жылға қарай	қоғамда саламатты өмір салтын қалыптастыру идеологиясы қалыптасты; денешынықтырумен және спортпен айналысатын азаматтарды қамту 30 %-ға дейін ұлғайды; денешынықтырумен және спортпен айналысатын балалар мен жасөспірімдерді қамту 15 %-ға дейін ұлғайды
2015 жылға қарай	денешынықтырумен және спортпен айналысатын азаматтарды қамту 25 %-ға дейін ұлғайды; денешынықтырумен және спортпен айналысатын балалар мен жасөспірімдерді қамту 12 %-ға дейін ұлғайды; халық арасында темекі тарту, нашақорлық және алкогольді шамадан тыс пайдалану 15 %-ға азайды

## **Мәдениет және ақпарат**

Мәдениет – әлеуметтік жаңғыртудың қазіргі заманғы адамның қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін маңызды құрауышы. Қазақстан мәдениеті елдің барлық азаматтары үшін отансүйгіштіктің өзегіне айналады, бейбітшілік пен келісімнің жалпыұлттық құндылықтарын нығайтуда оның рөлі мен маңызы күшейтілетін болады.

Мемлекет мәдениет саласын ақпараттандыру, көркемөнер шығармашылығы мен инновациялық қызмет үшін жағдайлар жасау, халықтың мәдени

құндылықтарға қол жеткізуін кеңейту және әлемдік мәдениет процесіне ықпалдасу бойынша белсенді шаралар қабылдайды.

Ақпарат және мәдениет кеңістігін кеңейту қазақстандықтардың өздерін ойдағыдай көрсетуіне ықпал ете отырып, олардың рухани денсаулығының қажетті даму көзі болады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың серпінді дамуын ескере отырып, Қазақстанда прогрессивті ақпараттық қоғамды жеделдете қалыптастыру үшін барлық қажетті жағдайлар жасалады.

Мәдени игіліктердің барынша қолжетімді болуы қазақстандықтардың өмір сүру сапасын арттыру көрсеткіштерінің біріне айналады.

Мемлекеттің тиімді саясат жүргізуі үшін Қазақстан Республикасында мемлекеттік мәдениет саясатының тұжырымдамасы әзірленеді және іске асырылады.

## **Мәдениет және ақпарат саласындағы стратегиялық мақсаттар**

2020 жылға қарай	бәсекеге қабілетті отандық мәдени өнім қазақстандық жаңа отансүйгіштікті қалыптастыруға, ұлттық бірлікті нығайтуға және "еңбек адамы" бейнесін дамытуға бағытталады; қазақтың және жалпы Қазақстанның мәдени мұрасы ақпаратты ілгерілетудің ең жаңа технологиялары арқылы жаһандық кеңістікке интеграцияланды; мәдени құндылықтар мен зияткерлік ақпаратқа қолжетімділіктің инновациялық нысандары дамиды, Қазақ ұлттық электрондық кітапханасының қоры кеңейтілді; өңіраралық мәдени алмасу кеңейді; мемлекеттік тілді меңгерген ересек тұрғындардың үлесі 95%-ды құрайды; қазақ тілін латын графикасына көшіруге дайындық жұмыстары аяқталды; аударма саласы нығайтылады, қазақ тіліндегі заманауи шығармаларды шетел тілдеріне, сондай-ақ, шетелдік авторлардың әйгілі шығармаларын қазақ тіліне аудару қамтамасыз етілді; бәсекеге қабілетті отандық ақпараттық кеңістік құрылды, отандық БАҚ-қа ауқымды жаңғырту жүргізілді
2017 жылға қарай	қазақстандық мәдениет EXPO-2017 халықаралық көрмесін өткізу шеңберінде сәтті таныстырылды

## **Еңбек ресурстары**

Экономиканы әртараптандыру жөніндегі жоспарларды іске асыру қажетті дағдысы бар еңбек ресурстарын ұлғайтуды талап етеді. Олардың ұзақ мерзімді өсуі халық санының өсуімен қамтамасыз етілетін болады. Халықтың табиғи өсімі мен көші-қонның жағымды сальдосының ұлғаюы демографиялық көрсеткіштерді жақсартады.

Білім беру мен денсаулық сақтаудағы қайта құрулармен қоса, мемлекеттің ерекше назары қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге, елге білікті мамандардың, оның ішінде тарихи отанына оралғысы келетін отандастардың

келуіне ықпал ететін көші-қон процестерін ұтымды басқаруға және экономиканың дамуына өз үлесін қосуына бөлінетін болады.

Қызметкерлер мен жұмыс берушілердің еңбек заңнамасының негіздеріне және еңбек дауларында келіссөздер жүргізу және консенсусқа қол жеткізу дағдылары бойынша сауаттылықтарын арттыруға аса маңызды назар аударылатын болады.

Халықаралық еңбек ұйымының еңбекті қорғауды басқару жүйесінің талаптарына сәйкес келетін қауіпсіздік стандарттары өндірісте еңбекті қорғауды басқарудың негізі болып табылады. Ірі және шағын кәсіпорындарға халықаралық және мемлекетаралық еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі стандарттарын енгізу ұсынылатын болады.

Мемлекет еңбек ресурстарының экономиканың заңды секторына өтуі үшін қосымша ынталандыруларды қалыптастырады.

Нәтижелі жұмыспен қамту және инновациялық өсу үшін біліктілігі жоғары кадрлар даярлау мақсатында білім беру жүйесі мен еңбек нарығы арасында өзара байланыс Ұлттық, салалық біліктілік шеңберлері және кәсіптік стандарттарды әзірлеу арқылы қамтамасыз етілетін болады.

2015 жылға қарай жұмыс берушілердің қатысуымен кәсіптік стандарттардың 30 %-ы әзірленеді, ал 2020 жылға қарай бұл көрсеткіш 100 %-ға жетеді. Жалпы, кәсіптік стандарттар еңбек нарығының қажеттілігін ескере отырып, тұрақты негізде өзектілендіріліп тұрады.

## **Еңбек ресурстарының санын ұлғайту жөніндегі стратегиялық мақсаттар**

2020 жылға қарай	Қазақстан халқы санының өсуі кемінде 10 %-ды құрайтын болады; шетелдік жұмыс күшін тартудың мемлекеттік квотасы шеңберінде көшіп келушілер арасындағы білікті мамандар санының 70 %-ға дейін өсуі қамтамасыз етілді; еңбекке қабілетті жастағы этникалық репатрианттардың 80 %-ын жұмысқа орналастыру үшін жағдайлар жасалды; 100% кәсіптік стандарттар әзірленді
2015 жылға қарай	шетелдік жұмыс күшін тартуға мемлекеттік рұқсаттарды, оның ішінде маусымдық рұқсаттарды берудің икемді жүйесі енгізілді (шетелдік жұмыс күшін тартуға квота 1,5 % құрайды); еңбекке қабілетті жастағы этникалық репатрианттардың 70 %-ын жұмысқа орналастыру үшін жағдайлар жасалды; 30% кәсіптік стандарттар әзірленді

## **Түйінді бағыт: азаматтарға қызметтер көрсету**

Мемлекет азаматтардың мұқтаж санаттарын әлеуметтік қорғаудың тиімді жүйесін құруды жалғастырады, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің

– электрмен жабдықтаудың, жылумен жабдықтаудың, сумен жабдықтаудың, су бұрудың (кәріз), газбен жабдықтаудың қолжетімділігі мен сапасын арттыруды қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік және тұрғын үй-коммуналдық қызметтерді көрсету мемлекеттік басқарудың түрлі деңгейлерінде мемлекеттік органдардың қызметін айтарлықтай үйлестіруді және қызметтердің белгіленген стандарттарға сәйкес көрсетілуі үшін жауаптылықты арттыруды талап етеді.

## **Халықты әлеуметтік қорғау**

Әлеуметтік орнықтылықты нығайту мақсатында атаулылыққа және масылдықты болдырмайтын тиімділікке негізделген әлеуметтік қорғау жүйесін құру жалғастырылады.

Әлеуметтік қамтамасыз етудің көпсатылы жүйесі осы заманғы стандарттар мен Қазақстандағы өмір сүру деңгейіне сәйкес болады. Базалық әлеуметтік төлемдерді көтеру, зейнетақы төлемдерін сатылы түрде көтеру, халықты әлеуметтік сақтандырумен қамтуды кеңейту егде жастағы адамдар, мүгедектер, асыраушысынан айырылған адамдар және әлеуметтік қамсыздандыруға мұқтаж өзге де азаматтар үшін лайықты тұрмыс жағдайларын қамтамасыз етеді.

Атаулы әлеуметтік көмек және халықтың осал санаттарын қолдау жүйесінің одан әрі дамуы әлеуметтік тәуекелдерді төмендетуге және кедейлікті белсенді еңсеру мүмкіндігін кеңейтуге бағытталатын болады. Атаулы әлеуметтік көмек азаматтардың нақты мұқтаждығын және "өзара міндеттемелер" жүйесін енгізуді ескере отырып тағайындалатын болады. Осыған байланысты өнімді жұмыспен қамтуды ынталандыруға, еңбекке қабілетті халықтың жұмыспен қамтылуының жалпы деңгейін арттыруға, жұмыссыздықтың және өнімді емес өз бетінше жұмыспен қамтылғандар санын төмендетуге бағытталған шаралар кешені іске асырылатын болады.

Азаматтардың өз мүмкіндіктерін толық іске асыруын және еңбек ресурстары теңгерімінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін ана мен баланы әлеуметтік қолдау жүйесі маңызды орын алады. Оның басты мақсаты тек бала туудың деңгейін реттеу ғана емес, болашақ ұрпаққа лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету, балаларға жан-жақты тәрбие беру, олардың толыққанды ақыл-ой, дене, өнегелі, рухани және әлеуметтік дамуын кепілді түрде қамтудан тұратын болады. Осыған байланысты материалдық және материалдық емес ынталандыруларды қамтитын іс-шаралар кешенін әзірлеу арқылы бала тууды ынталандыру және көпбалалы болуды қолдау жүйесі жетілдіріледі.

Әлеуметтік қызмет көрсету саласының кеңеюіне елеулі мән берілетін болады. Мемлекеттік стандарттарды енгізу мен арнайы әлеуметтік қызмет көрсету

сапасын арттыру, бәсекелес ортаны дамыту және азаматтық қоғамның мүмкіндігін кеңінен пайдалану мұқтаж адамдардың өмір сүру деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

### **Өнімді жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі стратегиялық мақсаттар**

2020 жылға қарай	жұмыссыздық деңгейі 5 %-дан аспайды; жұмыспен қамтамасыз етілген халықтың арасында жоғары білікті жұмыс күшінің үлес салмағы 80 %-ға дейін өседі; ірі және орта кәсіпорындарды ұжымдық-еңбек қатынастары жүйесімен 90-95 пайыздық қамту қамтамасыз етілді
2015 жылға қарай	жұмыссыздық деңгейі 5 %-дан аспайды; өз бетінше жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санындағы өнімді жұмыспен қамтылғандар үлесі 62,5 %-ға дейін ұлғаяды

### **Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы стратегиялық мақсаттар**

2020 жылға қарай	зейнетақы жүйесінің барлық деңгейлерінде зейнетақының барабар және әлеуметтік әділ деңгейі қамтамасыз етілді; жинақтаушы зейнетақы жүйесімен жалдамалы қызметкерлерді 100 пайыздық және өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдарды 40 пайыздық қамтуға қол жеткізілді
2015 жылға қарай	базалық зейнетақы төлемінің мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының 60 % деңгейіне дейін жеткізілді; мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері 2010 жылғы деңгейге қатысты кемінде 1,2 есе ұлғайды; жинақтаушы зейнетақы қорларының нақты оң кірістілігі қамтамасыз етілді

### **Әлеуметтік көмек жүйесін жетілдіру жөніндегі стратегиялық мақсаттар**

2020 жылға қарай	табысы күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 8 %-ға дейін төмендейді; "өзара міндеттемелер" қағидатына негізделген атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің шекті деңгейі ең төмен күнкөріс деңгейінің 100%-на дейін артады; арнаулы әлеуметтік қызметтерді қажет ететіндердің қамтылған саны 100 %-ды құрайды
2015 жылға қарай	"өзара міндеттемелер" қағидатына негізделген атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің шекті деңгейі ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60 %-на дейін артады; атаулы әлеуметтік көмек алушылардың құрамындағы еңбекке қабілетті халықтың үлес салмағы 30%-ға дейін төмендейді; мемлекет кепілдік берген арнайы әлеуметтік қызметтер заңнамада белгіленген көлемде ұсынылады

### **Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық**

Сапалы коммуналдық қызметтер ұсыну және тұрғын үй қатынастарын жетілдіру тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (бұдан әрі - ТКШ) саласында ынталандырушы нарықтық жағдайлар жасау және азаматтардың, тұрғын

үй-коммуналдық қызметтерді көрсетушілердің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың құқықтары мен жауапкершілігін айқын бөле отырып, олардың тиімді өзара іс-қимылы арқылы қамтамасыз етіледі.

ТКШ инфрақұрылымын жаңғырту үлестік пайдалану шығындарының төмендеуімен, ресурстар үнемдейтін технологияларды енгізумен, табиғи монополиялар субъектілерінің нормативтен жоғары шығындарын жоюға және нормативтік шығындарын қысқартуға мүмкіндік беретін тарифтік реттеудің тиімділігін арттырумен қатар жүреді.

ТКШ саласындағы мемлекеттік инвестициялар экономикалық негіздеу, осы заманғы ресурс үнемдеуші технологияларды және корпоративтік басқару стандарттарын енгізу жөніндегі талаптарды қамтитын инвестициялық жобаларды іріктеу өлшемдеріне сәйкес жүзеге асырылады. Жергілікті бюджеттен бірлесе қаржыландыру инвестициялық жобаларды іске асырудың міндетті шартына айналады.

## **Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы стратегиялық мақсаттар**

2020 жылға қарай	тұтынушыға тасымалдау кезінде нормативтік ысырап деңгейі жылу энергиясына – 17 %, суға – 15 % және электр энергиясына – 12 % құрайды; орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жеткізу ауылдық жерлерде ауылдық елді мекендердің жалпы санының 80 %-ын, шағын қалаларда – 100 %-ын құрайды; елдің әр өңіріндегі тұтынушылардың кемінде 70 %-ы коммуналдық қызметтер көрсету сапасына қанағаттанады
2015 жылға қарай	тұтынушыға тасымалдау кезінде нормативтік шығындар деңгейі жылу энергиясына – 20 %, суға – 19 % және электр энергиясына – 15 % құрайды; орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жеткізу ауылдық жерлерде ауылдық елді мекендердің жалпы санының 50 %-ын, шағын қалаларда – 70 %-ын құрайды; елдің әр өңіріндегі тұтынушылардың кемінде 50 %-ы коммуналдық қызметтер көрсету сапасына қанағаттанады; кондоминиум объектілерін басқару органдары тұрғын үй қорын нормативтік пайдалануды дербес қамтамасыз етеді; мемлекет ТКШ инфрақұрылымын жаңғырту жөніндегі жобаларға нысаналы қарыздар береді; коммуналдық сектор кәсіпорындарында менеджменттің осы заманғы әдістерін енгізу қамтамасыз етілді
2011 жылға қарай	жүргізілген түгендеу негізінде тұрғын үй қоры мен коммуналдық қызметтер инфрақұрылымның жай-күйінің жаңартылатын тұрақты деректер базасы жасалды

## **Түйінді бағыт: ұлтаралық келісімді, қауіпсіздікті, халықаралық қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз ету**

Ішкі саяси тұрақтылықты және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету Қазақстанның тәуелсіз егемен мемлекет ретіндегі дамуының аса маңызды шарты

болып табылады. 2020 жылға дейінгі кезеңде негізгі күш-жігер мемлекеттің одан әрі нығаюы мен дамуына, ұлттық қауіпсіздікке төнетін қатерлер мен сын-тегеуріндерді бейтараптандыруға, қолайлы сыртқы ортаны қалыптастыруға шоғырландырылатын болады.

Ішкі саяси салада 2020 жылға дейінгі кезеңде бейбітшілік пен келісімді, Қазақстан қоғамының орнықтылығы мен тұрақтылығын сақтау негізгі мақсаттар болып қала береді. Мемлекеттің сыртқы саясаты әлемдік аренада ұлттық мүдделерді қарқынды ілгерілетуге, Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қолдауға және елдің халықаралық беделін нығайтуға бағытталатын болады.

## **Ішкі тұрақтылықты қолдау**

2020 жылға дейін "Қазақстан-2030" стратегиясының ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның шоғырлануын қамтамасыз ету жөніндегі ұзақ мерзімді басымдығын іске асыру шеңберінде саяси жүйені одан әрі жаңғырту, этникалық және діни келіспеушіліктердің алдын алу, республиканың барлық азаматтары үшін мүмкіндіктердің теңдігіне негізделген Қазақстан халқының бірлігін нығайту бойынша жүйелі жұмыс жалғасатын болады.

Белгіленген экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштерге қол жеткізу Қазақстан қоғамының бірлігі мен ынтымағын талап етеді. Қазақстанның ел бірлігі доктринасы қазақстандық қоғамның шоғырлану процесінің басты құралына айналады.

Қоғамның шоғырлануына, отансүйгіштік сезімнің нығаюына және жалпыұлттық идеялар мен бірыңғай құндылықтар негізінде қазақстандықтардың ерекшелігін қалыптастыруға ықпалын тигізетін теңдестірілген ұлттық саясатты іске асыру бойынша бірегей және тиімділігі жоғары институт ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясы одан әрі дамитын болады.

## **Этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайту саласындағы стратегиялық мақсаттар**

2020 жылға қарай	діни сенім бостандығына құқықтарды одан әрі іске асыру, сондай-ақ Қазақстанда тұратын барлық этностардың мәдениеті мен салт-дәстүрлерінің еркін дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасалды; этносаралық және конфессияаралық жанжалдардың профилактикасы мен ертерек алдын алудың тиімді жүйесі құрылды
------------------	--

Саяси жүйені жаңғырту жалғасады. 2020 жылға қарай Қазақстанда өкілді биліктің мәні арта түседі, саяси партиялардың рөлі мен жауапкершілігі артады,

жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жүйесі тиімді жұмыс істейтін болады. Демократиялық институттар мен азаматтық қоғамның құрылымдары егемен Қазақстанның әлеуметтік-саяси жүйесінің үйлесімді элементтеріне айналады.

Гендерлік және отбасылық-демографиялық саясатты сапалы қамтамасыз етудің нысандары мен әдістері жетілдіріледі.

## **Саяси жүйені одан әрі жаңғырту саласындағы стратегиялық мақсаттар**

2020 жылға қарай	елдің саяси жүйесін жаңғырту аяқталды, оның табысты жұмыс істеуі үшін барлық қажетті жағдайлар жасалды; таңдаулы халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жергілікті өзін-өзі басқарудың және азаматтық қоғамның тиімді институттары құрылды; заманауи, тиімді әрі ашық сайлау және партия жүйелері қалыптасты, өкілді биліктің рөлі күшейді; мемлекет пен азаматтық қоғамның, билік пен бизнестің, билік пен оппозицияның сындарлы диалогының тетіктері жолға қойылды; Қазақстан Республикасының саяси элитасын қалыптастырудың тиімді жүйесі құрылды, мемлекеттік қызмет өз қатарында Қазақстан халқының таңдаулы өкілдерін шоғырландырады; гендерлік теңдік нығайтылды
------------------	---

## **Ұлттық қауіпсіздік**

Ұлттық қауіпсіздік жүйесі сындарлы әрі қауіпсіз сыртқы және ішкі ортаны қалыптастыру бойынша белсенді іс-қимылдарға, елдің орнықты дамуы мен Қазақстанның мүдделерін өңірде және әлемде кешенді ілгерілету үшін қолда бар және әлеуетті мүмкіндіктерді пайдалануға бағдарланатын болады. Туындайтын қауіптерді алдын ала айқындау мен жою ұлттық қауіпсіздіктің негізіне алынатын болады.

Халықаралық терроризмге, діни экстремизмге, халықаралық есірткі бизнесіне және заңсыз көші-қонға қарсы күрес саласындағы ынтымақтастыққа ерекше назар аударылатын болады. Есірткі трафигі мен заңсыз көші-қонның жолын кесуді қоса алғанда, Ауғанстанмен байланысты проблемалар кешенін шешуге қатысу қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында орта мерзімді перспективаға арналған маңызды басымдық болып қала береді.

Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігі жүйесі түрленуінің аса маңызды бағыттарының бірі жаңа қатерлер мен сын-тегеуріндерді уақтылы анықтауға, сондай-ақ ден қоюдың барабар шараларын әзірлеуге мүмкіндік беретін болжамдық-талдау жұмысының тиімділігін арттыру болады.

## **Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы стратегиялық мақсаттар**

--	--

2020 жылға қарай	<p>мемлекеттің әлеуетті қатерлерге барабар қарсы тұруға қабілетті сенімді қорғаныс қабілеті қамтамасыз етілді;</p> <p>Қазақстан шекарасының периметрі бойынша тәуекелдер барынша азайтылады, өңірде аумақтық және шаруашылық даулардың туындау себептері жойылды;</p> <p>адам мен қоғамның қауіпсіздігі, азаматтардың конституциялық құқықтарының мүлтіксіз сақталуы қамтамасыз етілді;</p> <p>әлемдегі сапалы жаңа сауда-қаржы жағдайларында елдің экономикалық қауіпсіздігі қамтамасыз етілді;</p> <p>Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздігі қамтамасыз етілді, бәсекеге қабілетті отандық ақпараттық кеңістік құрылды;</p> <p>экожүйелерді сақтау және қалпына келтіру, тәуекелдерді азайту және техногендік авариялардан, апаттардан, дүлей зілзалалардан болатын зардаптарды барынша азайту бойынша жағдайлар жасалды;</p> <p>ұлттық мүддені ескере отырып, халықаралық қауіпсіздік жүйесімен кіріктірілген ұлттық қауіпсіздіктің тұтас және тиімді жүйесі қалыптасты</p>
------------------	---

## **Халықаралық қатынастар және сыртқы саясат**

Қазақстанның 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған сыртқы саяси бағыты Сыртқы саясат тұжырымдамасына негізделетін болады. Ұлттық мүдделерді, елдің халықаралық беделін арттыруды және ұлттық, өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайтуды қамтамасыз етуге бағытталған алдын ала белсенді, кешенді және теңгерімді сыртқы саясат жүргізілетін болады.

Қазақстанның ұзақ мерзімді басымдықтары мыналар болып табылады: елдің дамуы мен оның осы заманғы әлемдегі бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін қолайлы сыртқы ортаны қалыптастыру және қолдау; Қазақстан Республикасының егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғау; шетелдерде Қазақстанның азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтарын, мүдделерін қорғау; Қазақстан Республикасының жағымды бейнесін және әлемде осы заманғы нарықтық экономикасы, орнықты саяси жүйесі, ашық және төзімді қоғамы бар демократиялық құқықтық мемлекет ретінде қабылдануын қалыптастыру; халықаралық аренада елдің экономикалық мүддесін қорғау; бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық ұйымдар мен форумдарға белсенді қатысу.

Халықаралық қатынастардың жаңа сәулетін және әлемдік сауда-қаржы жүйесінің сұлбасын қалыптастыру кезінде Қазақстанның жаһандық шешімдерді қабылдау процестеріне қатысуы үшін жағдайлар жасаудың ерекше мәні бар. Қазақстан Республикасы мемлекеттен жоғары резервтік валюталарды қалыптастыру туралы мәселеде өз мүддесін тиянақты ілгерілететін және белсенді қорғайтын болады. Осы іс-қимылдың нәтижелілігі көп жағдайларда Қазақстанның дағдарысқа қарсы шараларды табысты іске асыруына, ел

экономикасының дағдарыстан кейінгі және орнықты даму бағытына шығу қарқынына, инновациялық және әртараптандырылған экономиканы құру саласындағы нақты жетістіктерге байланысты болады.

Қазақстан Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының және Шанхай ынтымақтастық ұйымының ықпалды мүшесі, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің бастамашысы бола отырып, ұжымдық қауіпсіздіктің қазіргі жүйелері арасында стратегиялық диалогты құруға белсенді қатысатын болады. Қазақстан жанталаса қарулануды болдырмау, халықаралық қауымдастықтың ядролық қарусыздану және Ядролық қаруды таратпау туралы шарт режимін нығайту саласындағы күш-жігерін қолдауға арналған өзін ақтаған бағытты жалғастырады. Бұл ретте Қазақстан Республикасының беделді халықаралық ұйымдардағы (Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, Ислам Конференциясы Ұйымы және басқалары) төрағалығы шеңберіндегі мүмкіндіктері барынша іске қосылатын болады.

Қазақстанның саясаты Шығыс пен Батыстың, Солтүстік пен Оңтүстіктің, ислам және христиан әлемдерімен көпір ретіндегі өз рөлін нығайтуға бағытталған өркениетаралық және конфессияаралық диалогты нығайту бойынша күш-жігерін жалғастыратын болады. Төзімділіктің қазақстандық үлгісі халықаралық аренада кеңінен танылатын болады және басқа да елдердің практикасында қолданылатын болады.

Қазақстан өзінің бірегей географиялық орналасуын тиімді пайдаланып, әлемдік және өңіраралық көлік коммуникациялары жүйесіндегі қайталанбайтын рөлін барынша нығайтатын болады. Қазақстанның әлемдік энергетикалық және азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлі айтарлықтай арта түседі. Қазақстан халықаралық еңбек бөлінісінде лайықты орнын алады және Дүниежүзілік сауда ұйымының қатысушысы болады.

Қазақстан Орталық Азияда, Еуразия кеңістігінде әртүрлі жылдамдықтағы және көпдеңгейлі интеграциялауды күшейтуге арналған бағытын жалғастырады. Қазақстан Ресеймен қатар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Еуразиялық экономикалық қоғамдастық және Кеден одағының орнықты өзегін құрайтын болады.

## **Халықаралық қатынастар және сыртқы саясат саласындағы стратегиялық мақсаттар**

қолайлы халықаралық орта қалыптасты, барлық мемлекеттермен тең құқықты ынтымақтастықтың достық қатынастарына қолдау көрсетіледі; ұлттық экономиканы әртараптандыру негізінде Қазақстанның халықаралық қоғамдастыққа және әлемдік шаруашылық байланыстарға интеграциялануының жоғары деңгейіне қол жеткізілді;
--

2020 жылға қарай	өңір мемлекеттерінің саяси және экономикалық интеграциясы үшін жағдайлар мен алғышарттар қамтамасыз етіледі; Қазақстан өңірлік қауіпсіздіктің және саяси-экономикалық ынтымақтастықтың тиімді жүйесінің басты қатысушысы болып табылады; Қазақстан халықаралық және өңірлік қаржылық және саяси жетекші құрылымдардың басшы органдарында өкілдік етеді; Қазақстан халықаралық қатынастардың белсенді субъектісі болып табылады және әлемдік саясат үшін маңызды мәні бар шешімдерді қабылдауға қатысады
------------------	--

"

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Н.Назарбаев